


Аманжол Зағыпар



Тазағырлыллы
Талшылар



Аманжол Зағыпарұлы

Тағдырымның тамшылары

*Алғашқы өлеңдер жинағымды әкем Сопанұлы Зағыпарға
арнаймын*



УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Қаз)-5

3-13

Аманжол Зағыпарұлы

Тағдырымның тамшылары

Алматы: - Алейрон, 2021, - 136б.

ISBN 978-9965-476-72-3

Ақын Аманжол Зағыпарұлы өлең көшіне ерте қосылғанымен, төл жинағын шығаруға асықпай-аптықпай, тыңғылықты дайындықпен келді. Шағала шабыттан туған тамшы жырлары ойлана білген адамның таңдайын жібітіп, жүрегін толқытады. Күрмеуі көп күрделі өмір иірімдері, тұмса табиғат тамашалары, ұлттық рух іздері, мәңгілік махаббат – ақын өлеңдерінің негізгі өзегі. Кітап сөз құдіретін түсінген барша оқырманға – үлкен олжа.

ISBN 978-9965-476-72-3

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Қаз)-5

ISBN 978-9965-476-72-3



Аманжол Зағыпарұлы, 2021

«Алейрон» баспасы, 2021



Қарға ізінде қалам жыр

Аманжол Зағыпар ақын азамат. Қызыл көйлекті Бай-бесіктен шығып, баяғы Қызылжарға қоныс тепкен баһадүр. Кішкентай кезінен кезерген ерінін жалап тұрып, бала дауысымен өлеңін оқитын қара ұл еді. Менің қасымда жақын жүретін бір топ қоңырқаздың балапандары шартарапқа ұшып кеткені бар. Қазақтың байтақ даласына сіңіп кеткен ұшқыр топтың арасында осы Аманжол да бар. Әр жерден жалт еткен жырларын көріп қаламыз. Оқимыз да «дұрысысс» деп ептеп езу тартып бас изеуден әріге бара алмай пұшайман болатынбыз. Ұзақ жер, шалғай Ел. Ол жақта аманжарық жол сорабында аман есен жүрген Аманжолдар бар. Аманжол өте нәзік ақын: өзі айтқандай «қарғалар ізіменен өрнектейді...» Мұндай шумақтар өрнегін тек Аманжолдың сыңғыр зооморфты жырларынан оқуға болады. Кітабы шығады екен. Қуаныштымын. Жақсы өлеңдері оқырманға жол тартпақшы. Оның қиыр жүрген кезінде жазған түйір жырлары ерекше мол. Күн шуағының өзін «...күн сәулесі бір түйір жасыл қан...» деп құлпыртатыны тың сана. Мықты поэзия! Алыстаған ақынның жандүниесі сағынышқа шомады екен. Сағынышы таңғажайып сүгіретке айнала түседі. «...Ай нұрына шомылады ат жалы...»? Бұдан өзгеше қандай бояу керек!? Сөзбен жұққан бояудың ізі нақты көркем парадигма! Жалпы өнердегі жұрттың онша байқай бермейтін бір тылсым құдыретін ақын ғана ашыққа шығара алмақ. Иконография деген бір ұғым бар. Тұмша мұнар арасынан сығалаған жылт шуақ секілді. Өмір мен жырдың жаны біреу-ді, ә!?

Тағдырымның тамшылары

Аманжолдың қай жырын алсаң да бір тылсымдық сезінерің хақ. Ана туралы жырын оқып отырып оқыстан біререкшетеңеуге жолығасың. Ойпыр-ай! «...Мандайыма түскен кезде жарығың...». Ана ~ аспандағы Күн болды. Тәңірдің нұры- ұмай Анаң! Ақын осылай шырқауы керек! Енді оқырманға да азды көпті кереметтерден нәз қалдырайық. Аманжол ~ түбі жақсы ақын! Бәс тігуге де болады тіптен. Алтынқұмыраға құйылған жырдай ақық жырдың егесі Аманжол аман босын!

Сұраған Рахметұлы ақын, тарих ғылымдарының кандидаты.

Тағдырымның тамшылары

Жүйрік жылдар жарысқан ғасырларға,
Ақпарағы уақыттың ашылғанда.
Қарғалар ізіменен өрнектейді,
Сәби гүлі қауызынан ашылғанда.

Ақ пен қара айқасы басылған ба!?
Күн сәулесі үйір ғой жасыл қанға.
Түнде менің жүрегім тұтқындалып,
Күнде менің түседі басым дауға!

Ғұмырымды ұрттаған уақыттар-ай,
Ұшып өткен басымнан бақыт талай!
Торғай үн топқа түсіп шырылдаса,
Таңдайым тәтті уыңды татыпты оңай.

Көңілім күрсінеді күлем деген,
Мерт болып кетті талай күрең дөнен.
Топқа түспей торы құнан арқандалды,
Тағдырдың суық қолы шідерлеген.

Жұлдыздар ағып жатыр «Сөнем»-деген,
Айды бұлт жасырады «көрем»- деген.
Көздер-ай аш көздікпен қамын ойлап,
Кездер-ай, қозы-лақты көгендеген!

Тағдырымның тамшылары

Қыран тағдыр қияға қонған күнде,
Аққу болып ұшқанмен арман күнде.
Жаңбырдың жырын арнап отырамын,
Тағдырдың тасасында солған гүлге!

*** **

Жас сәттерім,
коштасуда ерке күн,
Сақалында Күн ойнайды серкенің.
Қараниет, өсекші, өрт жандардың,
Сөніп қалған жанарынан шертемін!

Ат жаратып әлі отырмын шапқалы,
Ай нұрына шомылады ат жалы.
Қазағымды сүйіп отқа күйемін!,
Аңшылардың түсіргенмен қақпаны!

Қылыш қайрап, құм болса да жігерім,
Шешілетін күн болады-ау шідерім!
Бөрілерім түлкі болған заманда,
Айға қарап ұлымаймын, білемін!

Азудағы тәтті алмада гүл өлім,
Қыран ойлар шың басында түледің!
Жұлдыздарды бұлт сіңіріп жатқанда,
Бұл жалғанға күрсініспен күлемін.

Аманжол Зағыпарұлы

*** **

Қалам ұшы қағазға шер төгеді,
Қасқыр келіп қасыма еркеледі.
Ойқастаған құйынның ортасында,
Жұдырықтай жүрегім өртенеді!

Маған сәуле тым алыс жырақ тұрды,
Көзім емес көкірек жылап тұрды.
Құжынаған құрттардың ортасына,
Мені қарға іліп а(лы)п, лақтырды.

Ұрғылады түнімен дауыл шынды,
Қанат қылдым жалғыз тал қауырсынды.
Тұңғиыққа мен ұшып кете бардым,
Жер басуға сахара ауырсынды!

Аналарды сағынайық

Жас тамады жастығыма тағы мың,
Басталады тағы міне жорығым.
Ана жүрек мейірім толы жып-жылы,
Сағынып жүр, сарылып жүр қара ұлың!

Сағынумен түзде жүрген баласын,
Жабығумен өтер ме екен анашым!?
Аққайыңның жапырағына орап ап,
Сағынышымның
жазар ма екем жарасын!?

===== Тағдырымның тамшылары =====

Құлағыма сіңіп қалған бал үнің,
Маңдайыма түскен кезде жарығың.
Алақаның жып-жылы боп тигенде,
Балқып кетеді алпыс екі тамырым.

Бөрі жүрек жем іздеген даладан,
Сағыныштың лебі есті баладан.
Төрткүл дүние төрт бұрышын кезсем де,
Артық жанды таба алмадым анадан!.

Он сегіз мың ғаламдағы жолымыз,
Аналардан бастау алған жанымыз.
Қарашыққа тұндырғандай сары күз,
Аналарды сағынайық бәріміз!

*** **

Ай қонақтап маңдайға,
Күн күледі кірпікте.
Көз саламын шалғайға,
Ақша бұлтты үркітпе!

Қансонардың иесі,
Ғашық болған бүркітке.
Қара өлеңнің киесі,
Кеседегі іркітте!
Саумалменен қымыран,
Жусан иісі бұрқырап.
Сұлубай салған сұлу ән,
Құлын жырларым шұрқырап.

Мағауия салған термеден,
Жүрекке ақыл ұялап.
Торы атты шешіп кермеден,
Шабайын бір сәт қиялап!

Ай астында көк бөрі,
Көкке қарап ұлыған.
Алтайымның бөктері,
Жанарымда жылыған!

Жаңғырып жатса жартасың,
Өр рухтың үнімен!
Көзге ыстық әр тасың,
Қой жусанның бүрімен!

Бұлт құндақтап шыңдарын,
Келдім аңсап Алтайым!
Ізім қылған құмдарым,
Тізгінімді тартайын!

Көңіл...

Жазбенен қыстай,
Күнменен түндей
алмасқан,
Сезіммен сезім,
Көзіңмен көзім
арбасқан.

Тағдырымның тамшылары

Ойлаусыз бітпей,
Байлаусыз жіптей
жалғасқан.
Өзіммен өзім,
Ыстық жүректі
қар басқан.
Ақырын сырғып,
Арманның бұлты
тауды асқан.
Сәулесі күнгірт,
Өмір-терезе
шаң басқан.
Асыл Ай тумай,
Ашылмайтынды-ай
мәңгі аспан.
Күйкі тіршілік,
Кірпігім сынып
зәр жастан.
Жастан...!

*** **

Тұғырда қыран,
қарғалар неге жоғары?,
Жырын оқыған,
Ақындар неге жаралы!?
Құйын артынан
сілкілемекке даланы,
Темір тұмсықты
Аралар ұшып барады.

Ызындап ара,
кураған гүлдер шашылған,
Ізімді қара,
зулаған күндер жасырған.
Күзімді қара,
жүректі желмен тулатып.
Жүзімді қара,
қыраулы қыстай мұң қатып...

Шырылдап ұшып,
қона алмай жүрген бір бақыт,
Жаңғыра алмай,
жартастар жылап, үн қатып.
Ақын жүректі,
ноқталап алған, тағдыр-ай!
Даланың тілсіз
сырларын ғана тыңдатып.

Ібілістері жасқамақ болып жанарды,
«Уын іш!», — деді.,
құшақтап жылап Далаңды.
Сенбеймін мен де,
өлеңім қанат болдағы,
Айналып ұшып шығайын
мынау ғаламды!

Өмір сүрсек те
пәниде мынау аз-ақ күн,
Қаймағын қалқып,
ішейін жырдай ғажаптың.

Тағдырымның тамшылары

Өртенсем күл боп,
тоңсам да мұз боп шыдармын,!
Жаратылған соң
Ақыны болып қазақтың...!

О, Қызылжар

О, Қызылжар киелінді көрем мен,
Жұлдыз ағып жатсадағы төбеңнен.
Атырабыңды құм жасырып тұрғанмен,
Топырағыңды сүйіп-сүйіп өлем мен!

Құдайы жоқ құмырсқаның илеуі,
Намысымның қамалдары күйреді.
Ермактардың қанын шашқан бабамның,
Моласында шоқынғандар биледі.

«Ұлтарақтай жер қымбат деп бас қалған,
Аштық жылы аналардан жас тамған.
Келбетіңе көккөз ғашық болып жүр,
Аққұлақтар шошқа етін жеп мас болған.

Жарлық күтіп әлі жүрміз аспаннан,
Жылқы үйреткен жұртқа сіңіп қос қалған!
Қанымды ішкен, барымды ішкен қызылдар!,
Қару жасап атсам ба екен тастардан?.

Өз кеудемде соға берсін құйын жыр,
Уақыт келді тары жолдан да қиын бұл.
Өз ұрпағың түкірмегі түгілі,
Қайран тілім қанатыңды қиып жүр!

Қанмен ғана сөгілген еді қабырғам,
Қара жерде қозғалады-ау сабырдан!
О, Қызылжар иең қазақ кеш бүгін,
Құтылармыз Петрменен Павлдан!

Қайың

Даланың самалы аймалап,
Қаламым қағазға тайғанап.
Жүрекке жапырақ көктетіп,
Санамды тағы бір ой қамап.

Жанарға мүсінің шомылып,
Уақытқа отырмын бағынып.
Әдемі қайыңдар мүлгиді,
Ақ қардай орамал жамылып.

Мүсіні қырауға малынып,
Бұтағы күміс қар тағынып.
Құпия құлыбы ашылмай,
Тұр ма екен көктемді сағынып?.

Теріскей бораны соқпасын!,
Жанардан қырау мұң ақпасын!
Жарығын жалғанның қызғанып,
Тамырын айбалта шаппасын!

Көзбенен оқиды кім сырын,
Ақ қарға жасырып тұр сырын.
Өткенге өкініш білдіріп,
Көктемде жарады бүршігін.

Орманға баратын ойым бар,
Көктемде ерісін уайымдар!
Мыңдаған жапырақ ұшырған,
Бақытты екен ғой қайыңдар!

Сәттер-ай

Сәттер-ай, сәттер,
от басқан және шок басқан!,
Өзіммен өзім,
жаныммен тәнім соттасқан.
Уақыт-төреші
төрелік жасап жатыр ғой,
Жазылған тағдыр
өмірмен талай қастасқан.

Жердегі түрме
еркіндік берген әзірге,
Жербетіндегі сынақтарына төзуге.
Адасқан ұлмын

сәби шағымнан кезінде
Көк аспанымның
жүрсем болды ғой көзінде!

Уақыты келсе
артында арыз хат қалар,
Уақыт- төреші
үкім шығарар сәт болар!
Мәңгілік сынар
әділдік бар ма өмірде?,
Заңдылық шығар
кезекпен пенде аттанар!

Кездесу

Самалға кірпігің таралып,
Жанармен көруге жаралып.
(Алдымда қыз мүсін бейнең тұр),
Мөп-мөлдір көзіңмен қадалып!

Санамның сабыры жоғалып,
Ормандай ойларым тоналып.
Жүректің күбірін естимін,
Сезімнің сеңіне қамалып.

Біз тұрған бір метр аралық,
Махаббат ғұмырын саналық!
Әй, бірақ үн-түнсіз жымыдың,
Бір сәтке кетердей жоғалып.

Жүзіңе жылындым шуақтап,
Қолыңнан ұстар ем бір аттап.
Деміңе шарпылып мен қалдым,
Сәл тұрдың қасыма тұрақтап.

Айта алмай іштегі сырымды,
Көзімнен оқыдың шынымды.
«Кетейін ағажан» - дегенде,
Жүрегім кеудемде сығылды.

Кездесу қып-қысқа бүгінгі,
Тістелеп азумен тілімді.
Дірілдеп сұрадым нөмірін,
«Сотқаңнан» естуге үніңді.

Санменен саралап саз үнді,
Аққудай жеткіздің наз үнді.
Көңілім көк тудай желбіреп,
Нөмірің жүрекке жазылды!

Аспан мен қара жер арасын,
Жұпарлы нұр қылып барасың.
Бұрылып сен кеттің жанымнан,
Күй қылып махаббат даласын.

Сылдырап аққандай бал бұлақ,
Толқыннан жатқандай жар құлап.
Ып-ыстық уақытқа бағынып,
Мен тұрмын артыңда қалжырап!

Қалжырап, қалтырап тоңсам да,
Шыдар ем тұруға мен сонда!
Қарашық сен жаққа қадалды,
Елсізде елжіреп қалсам да...
...Күтем!

Тілім қайда...?

Бүгінгі ойда ашулы сияқтымын,
Үнім қайда, жартасты жылатты кім?
Жығылмай ма бораннан құрақ, гүлің?,
«Тілім қайда»?
Айта алар сұрақты кім?

Бір күн қонақ өмірге келесің де,
Күлкің бұлақ, тілің мұң сенесің бе!
Рухым құлап кетпеді дегенменен,
Ұлтым бірақ,
ЖАҢАҢДАҢУ кемесінде.

Тілім қайда жүрекке нұр тұндырар?
Қара өлеңге қаймақты жыр тұндырар.
Тілімнің тамыр қаны қоюланса,
Түңіліктің астында рухың құлар!

Зар заманда тілімнен жүдемеппіз,
Тілсіздік түрмесінде түнемеппіз.
Санасының шаң басқан айнасына,
Бүгін қазақ мүкіспіз, мүгедекпіз!

Тілмен бірге Тәңір дін, нұр береді,
Тарихыңмен тамырлас тіл дерегі.
Ұлтының бағытынан адастырып,
Толқын қуып барады тіл кемені!

Астанасы Алаштың

О, далам сырын бүккен топырағың,
Әр адам сенің өскен жапырағың.
Қазақ ұлын тербеткен бесігінде,
Сарарқам естімеген жат ұранын!

Арыс ел өз ғаламға аты мәлім,
Жүзі нұр, жүрегі өрт, оты жалын!
Қазаққа Тәңір сыйлап Тәуелсіздік,
Шаттыққа шомылдырды атырабын!

Ал, бүгін келіп отыр сыр ақтарғым,
Құмыңа жасырылып шуақтан мұң,
Жер ана кіндігіне кірпіш қалап,
Астана, Сарарқаға тұрақталдың!

Нар қазақ топырағын сүйген жерді,
Құлагердің тұяғы тиген жерді,
Шаһарға айналдырдық шаңырақты!,
Құт қонысқа қондырып күй керуенді.

Биікті бағындырып батыл арман,
Алаштан Астана деп атын алған!
Тамырланып жерұйығы -Жетісудан,
Рух алды Түркістан, Отырардан.

Барыс елдің намысын биіктетер,
Жас ұрпақ жанарымен сүйіп кетер!
Бірлікпен қанат жайдың керегелі,
Өз бастарын өзгелер иіп кетер!

Мамық бұлт аялайды мамырымен,
Ай сүйер қара түнде жарығымен.
Тұғырлы тарихыңды тереңдетер,
Бәйтерек тастан біткен тамырымен!

Жасап алған тұғырдан мәңгі іргесін,
Рухын Алашымның сөндірмесін!
Астана баспана бол нар Алашқа,
Босағаңнан қазағым телмірмесін!

Желді желтоқсандағы отты жүректер

Кеше-

мұң шық тұрып мұзға айналды бар далам,
Тұншықтырып тұла бойды тор қоғам.
Жара жалап жас бөрілер ашулы,
Қара аспанды қара бұлттар торлаған!

Бәсе,

Ызғарлы жел рухыңды тоңдырған,
Мұздан жігер оянғанда жан құрбан.
Ұлдарың - ер тас жаңғыртқан жас үміт!,
Қыздар- гүлін қытымыр қыс солдырған!

Неше...?

Сексен алты, желтоқсанда -жел тұрған,
Алпыс екі тамырға қан толтырған.
Көңіл жүдеу, ақ аязды салқыннан,
Ана сүті сәбиінен тартылған!

Көше-

қараңғылық көбейгенде жарықтан,
Жас бөрілер жазым көріп жорықтан.
Отты жүрек қыран мінез ұл- қыздар,
Табандылық тас көшеде танытқан!

Есе-

қозы құрбан шалынғанда рухпен,
Тазы қырдан үрігенде күдікпен.
Жаңғырыққа күмбірлеген күй сіңіп,
Жарық біткен көлеңкеден үріккен.

Сонан...?

Темір торға ұялаған текті үндер,
Жасықтардың жанарынан өтіндер.
Баба арманы, бала үміті ақталып,
Тәуелсіздік тұғырына жеттіндер!

Одан...?

Түйе керуен мекеніне жеткенде,
Күн асылып еркеледі көк белге.
Семсер серттер қынабында кеткенде,
Тарихымыз жасап алды бетперде!

Қоғам-

бетпердемен жасырынбақ ойнаған,
Шектелді өрен сол қазанда қайнаған.
Көкке өрлеген отты рухтар басылып,
Жеңісті емес жеңілісті тойлаған!

Бүгін-

Шындық үні шым -шытырық құбылдың,
Сынды қыры қазақ жеткен тұғырдың.
Ірілігі байқалмайды бүгіннің,
Түңілігі серпілмесе тілімнің!

Ертең-

Жаһандану толқынында жан үні,
Рухыңның жоғалмай ма сағымы?.
Күлкіміздің күні ертең не болар?,
Ұлтымыздың жанышталса тамыры!
Тамыры...

Қызыл от...!
(Мағжан рухына)

Қап – қараңғы
түнде жанған қызыл от!,
Қызыл оттан қызыл жалын үзіп ап.
Сол жалынмен жүрегімді жуған соң,
Қызыл отқа өлең жаздым қызып ап!

Жұлдыз ақты көк аспанда ізі қап,
Түнде жанды, күнде жанды Қызыл от.
Сеуіп едім күл боп кетті жалынға,
Қою түннен қара сәуле сүзіп ап.

Құйын соқты, жаңбыр жауды сөнбейді,
Ұйтқып тиіп тұрсадағы жел мейлі!
Жалын шашып аспандағы ақ бұлтқа,
Өршеленіп лаулап көкке өрлейді.

Қою түнді көк түтінге көміп ап,
Лаулай жанды ұлы рухтан жалын а(лы)п.
Ал, қазағым шала ұйқыда мүлгиді,
Қара түннің құшағына еніп а(лы)п.

Зұлымдықтың жыны билеп сананы,
Қара түнде қасқыр жортып барады.
Аш көкжалдың азуынан ақсиган,
Қара түнге қан сілекей тамады!

Құмырсқаның құм жасырып тірлігін,
Үрей билеп жақпар тастың үңгірін.
Сұлу қайың сұлбалардан сескеніп,
Жапырағының шығармайды сыбдырын.

Ара шағып тікен тимес тіл ұшын,
Тыныштықтың тарылтқандай тынысын!
Қырандарды тұғырынан құлатқан,
Қарқылдаған қарға ғұмыр құрысын!

Қап – қараңғы
түнде жанған қызыл от,
Қызыл оттан қызыл жалын үзіп ап,
Сол жалынмен жүрегімді жуған соң,
Қызыл отқа өлең жаздым қызып а(лы)п.
Жалын жұтып мас болғаным қызық – ақ!

Өлеңмен оқылған дұға
(Мағжан Рухына тағзым)

Сананы түрмеге түнеткен заманда,
Күрсінді жер ана азалы Ғаламға.
Қорқыттай күңіреніп, Асандай аңырап,
Боз дала күңіренді ұлыған боранға.

Жұлдыздар тығылып аспанның бұлтына,
Балтаны сілтеді Алаштың рухына.
Көкжалдар апанын өшігіп күйретіп,
Сыйғызбай жіберді жұмыр жер сыртына.

Қанжарын сілтеді Қазақы танымға,
Қақырап қалғандай қатпарлы қабырға.
Үкімді шығарып сотталған Өлеңге.
Салмақты салыпты сақталған сабырға.

Аққайың жұпарлы бүршігін жарғанда,
От қойып жіберді содырлар орманға.
Жігерін құм қылар,
күл қылар құрсаумен,
Шідерін шынжырлы кісенмен салғанда.

Тектілік- табытқа текпімен тығылды,
МАЗАСЫЗ Жел шайқап Көк түрік ғұмырды.
Шығысты тұмшалап тұман ғып алды да,
Баянсыз бақыт та батысқа бұрылды.

Тас талқан етуге Ұлтшылдық танымды,
Лайықсыз айыптар Ақынға тағылды.
Есіріп, өшіріп тастауға ұмтылды,
От болып лаулаған Қазақы жалынды.

Сүренсіз, сұрықсыз күндер де құбылды,
Өртеді жусанның исі бар жырынды.
Жыртығын жел сөгіп жүдетіп жұртынды,
Тұңғиық батырды қайындай ғұмырды!

Орманды ойларын түнекке түнеді,
Түрменің ішінде Жыр Қыран түледі!
(Күздегі аққайың-жапырақ сап - сары)
«Өлең»- деп соғатын жүрегін
сарғайып жүдеді.

Үнсіздік ішінде булыққан ұраны,
Ғайыптан жаралған шабыттың пырағы!
Батыраш балталы қоғамның кесірі,
Тасадан оқ атар тексіздің тұрағы.

Жүйрік жыр жылдармен жарысып ақталды,
Өшпейтін өлеңдер санада сақталды.
Азат күн шығыстан нұрланып шыққанда,
Тас қоғам күйреді табанға тапталды!

Сен жүрген ізінді жер ана сақтады,
Қабірің жоқ бірақ, ұрпағың таппады.
Жүректі жалынмен жуады тазартып,
Жырыңның лаулаған рухты оттары!

Ақынның сынғанмен ажалдан қаламы,
Жыр аққу толқынды айдынын табады!
Көк тудай көгімде Рухың желбіреп,
Биіктік көрсетті бұлттан да жоғары.

Қияға баптайды томаға қыранды,
Тұғырға балап ең Алтай мен Тұранды!
Жаныңыз жәннатта иманды болсын деп,
Өлеңмен оқыдым өміршең ДҰҒАМДЫ!
ӘУМИН!!!

Мазасыз түндер

Бірінші түн

Ай дидарлы әдемім,
Күн дидарлы көріктім.
Есім кетіп жаныңа
есенгіреп келіппін.
Семсер сертті кірпігің
жүрегімді түрткілеп,
Қарашығым қаймығып
төмен қарай беріппін.

Қор қызындай жаралған
жаным сенсің қиялдан!,
Балапандай аялы
тіл қатқандай ұяңнан.
Қайың тұрқың сымбатты
ана құрсақ көктеткен,
Жапырағынан сезімнің
естігендей күй орман.

Жұлдыз көзің жанып тұр,
мамық бұлттай маңдайың
Бетіңнен нұр тамып тұр,
балқытып тұр балдай үн.
Көкірегім көктемгі
бәйшешектей бүрледі,
Сабырымен қоштасқан санамды
шашыратып алмайын!

Жұпар демің жаныма
жусан исін сеуіп тұр,
Жұмақ дала түсінде
айғай салғым келіп тұр.
Бақыт күйін шертіп тұр,
күмбірлеші тағы да,
Уақыт ғұмыр аялы
алақанда еріп тұр!

Өңім түгілі түсімде
көрінбеген бейнесің,
Тәңірден соң өзіңнен
жасыра алам ей, несін!
Топ-тобымен толқында
жұп-жұбымен жүзетін,
Саған теңеп қайтейін
аққулардың бейнесін!

Тіл қатпай- ақ тұра тұр,
өзіме өзім келейін,
Төмен қарай бергенше
жігерімді жебейін.
Токта енді,
басымды көтерейін еңсемді!,
Үн қатпасаң өзің де,
мен де саған не дейін.

Мен бастайын үндеме...
өтінемін еркекпін,
Тілім неге күрмелді
бұлақ көзбен мөлт еттің.
Енді өзіме келгенде
тер сорғалап самайдан,
Бісмілла!
Бісмілла!
Бісмілла!... Селк еттім!

Түсім екен...!?

Екінші түн

Бей маза түн сұрланып,
өз мазамды кетірді,
Көрпем неге сұп-суық?,
тынышымды кетірді.
Қылыш кірпік айқаспай
жанарамды жұмсам да,
Кешегі түн түсімді ұрлап кеткен секілді.

Әлдиімен ұйқының барлық әлем қалғысын,
О, Жаратқан,
ұйықтатшы жер бетінің бар құсын!
Бәрі ұйықтап түс көрсін мен іздеймін жанымды,
Кешегі түн естісін жүрегімнің алғысын!

Жо-жоқ маған не болды ібіліс пе кешегі?
Жүгендеулі жүректі түсім қалай шешеді?
Өнімдегі қыз болса жүгірер ем артынан,
Түсім болды қап әттең...
менің сорым бес елі!

Жұмсақ жастық қап-қатты
тастай батты басыма,
Түннің қара сәулесі
жүрегіме шашыра,
Ұйқы ана,
құшағын неге ашпайды неліктен?,
Түстегі ару бейнесін қызғанғаны осы ма?.

Таң атпасын тағы да күйкі тірлік тынымсыз,
Таратпасын далаға боз сәулесін жұғымсыз!
Боз далада боз жүрек боздамасын өтінем,
Ай да қамқор бола алар сар сәулелі күнімсіз!

Санамдағы әбігер толастамай түнімен,
Түс түгілі ұйқым да жеріді ме шынымен.
Жүрегімнің жарасын жалап-жалап емдеші,
Ей, Түн ана өтінем махаббаттың тілімен!

Сабыры жоқ уақытта
керуен түнмен сырғыған,
Таңды атырып келеді
шығыс жақтан мұңлық ән.
Кеудемдегі апанға түні бой сыймаған,
Болтіріктей жүрегім талықсыды ұлыған.

Үяламай кірпікке
тәтті ұйқының бөлшегі,
Зіл табан түн езгілеп көтертпеді еңсені.
Жер бетінде бейнең жоқ үмітімді жандырар,
Келесі түн келгенше сағынайын мен сені!

Үшінші түн

Қою кештің сәулесі
еншісінде аспанның,
Қараңғылық қайтейін
зорға-зорға басталдың.
Ұзақ күннің сап-сары
сәулесіне түншығып,
Көкте жұлдыз жанғанша
жындануға дәс қалдым!

Ұйқым келді қалғыдым
қандай ұйқы кім білсін?
Түнгі ұйқыда түс көріп,
жанарымда күн күлсін!
Көк Тәңірге жалынып
өлең дұға оқимын,
Түс аруы жанымда
таң атқанша бір жүрсін!

Алақанмен ұстайын
түнгі ұйқының ескегін,
Түспен ғана басталсын
менің ымырт, кештерім!
Алаңдамай ұйықтаңыз
ұйқысыз жан бақытсыз,
Ұйқы берші, анашым,
ауырған жоқ еш жерім!

Жұлдызды аспан астында
бұлт көрпені жамылсам,
Айға қарап жатайын
түс көрермін сағынсаң.
Аспан жердің арасы
тып-тыныш бір мүлгісін,
Мен де тыныш жатар ем,
тек түсімнен табылсаң!

Торламасын түн көгін
қара бұлттар қалындап.
Кетпесінші түсімді
бүгінгі түн тағы ұрлап!
Жүрегім, сен ұйықтама
кісіней бер құлындай!,
Кірпіктерім сіреспей
ұйықтап барам дамылдап.

Түс...түс...жаным!

Төртінші түн

Түсіме тағы кірмедің,
қырсық едің не деген?!
Ұйықтасам да жүзінді
көре алмадым неге мен?..
Меңіреу түн құшағы
мең-зең қылып тұрғызды,
Тарылғандай тынысым,
тарылғандай бар әлем.

Жүрегімді тұғыр ғып
түсімде қонған қыз құсым.
Ғажайыптан жаралып,
ғайып болған қыз мүсін.
Садаға кет сол түнім
санамды умен суарған!,
Сорлы жүрек үһлеп
соңғы үмітін үзді шын!

Ессіз миым ақылын
түрмесіне түнеткен,
Орманды ойды сарғайтып,
сары уайым жүдеткен.
Санам енді сабырымен
сырлассын,
Жарық іздеп құтылайын түнектен!

Түске сенген менің осалдығым ба?,
Мендей ессіз жоқ та шығар
жер бетінде шынында?
Кешір, Тәңірім, мен өзіңе сенейін,
Лағнет айттым түнгі түсті ғұмырға!

Алжастырып ақылымды,
жүрегімді жынды ғып,
Есеңгіреп ес жинадым булығып.
Түлкі түстің құйрығына орап ап,
Намысымның нар еменін
алдым ба екен сындырып?.

Енді түсте ғашық болсам сорлымын,
Жүрегімді жұбатсаңшы зарлы күн!
Жар таба алмай түсімнен жар іздедім,
Қырсық па екен бес күнгі бұл тағдырым!

Адам неге алжасады саналы?,
Қара жер ғой алжастыру алаңы.
Қиялдан жар іздеп жүрген жүрегім,
Кім біледі қашан тоқтап қалады?.

Шайтан емес адаммын ғой
үмітімді үзбейін!,
Күн болмаса, түнге көзді сүзбейін!
Тәңір рас жазған болса маңдайға,
Сол аруды жер бетінен іздейін...!

ІЗДЕЙІН...

Түн-ана

Түн тыныш неліктен қараңғы?,
Ару Ай , жұлдыздар жоғалды.
Бұлт бүркеп көкті де көрсетпей,
Жасқайды қараңғы жанарды.

Ай да жоқ, жұлдыз жоқ бұл қалай?,
Жартастар жаңғырық тыңдамай.
Бұлақ та сылқылдап күле алмай,
Жаралған қараңғы түн қалай?.

Жоқ боран, самалдың лебі,
Қараңғы сәулелер қап-қара түн еді.
Ақырын, тыңдашы құлақпен, жүрекпен,
Дүрсілдеп соғатын түннің бар жүрегі.

Тыңдаймын селк етем, дір етем,
Түн деген өлі емес тірі екен.
Жандыға, жансызға бәріне,
Ұйқыны таратып жүр екен.

О, ғажап недеген береген!,
Бәрін де бесікке сыйдырып бөлеген.
Түн -Ана тілі бар айтады бесік жыр,
Кеш болса түн ана түседі төбеден!

Құшағы қараңғы болғанмен нұры бар,
Ана екен аяулы- түн өзі тілі бар.
Қайғынды бөлісіп сырынды ұғынар,
Өзіңмен сырласқан қаншама ұлылар?!

Бар әлем сәбиің тербетші, түн ана!,
Арпалыс дүние сен келсең тына ма.
Құшағың қараңғы болғанмен ып-ыстық,
Тәп – тәтті ұйқыны бөлмеші, ҰЛЫ АНА!

*** **

Адасқандар қаңғырған,
Төзім қалмай тағдырдан.
Қайран топырақ, жер ана!,
Мейірім көрген жаңбырдан.

Күй күмбірлеп қорымда,
Ши дірілдеп жолымда.
Қара тасты жаңғырттым!,
Қайран басты қаңғырттым!

Құмырсқаның илеуі,
Топырақта күйреді!
Өрмекшінің торындай,

Алашымның күйлері.

Қайда кеткен қу басым,
Мейілі тауда судасың.
Галам тұр ғой Тәңірім,
Аман жүр ғой бір басым!

Кірпікпенен қасым бар,
Жер бетінде асым бар.
(Көкте ғана асылдар!)
Сырынды кім ұғады,
Жылап өткен ғасырлар?.

*** **

Көңілге жыр гүлін өсірем,
Өмірге ғашықпын осы мен.
Аспанның бұлттарын жиып ап,
Параққа өлең ғып көшірем.

Уақыттың қалмайын көшінен,
Бақыттан кей кезде кешігем.
Көруге жанарым жаралған,
Өмірге ғашықпын осы мен!

Қол бұлғап сырғиды әр күнім,
Қара жер көтерген қар мұңын.
Балталап жатса да тағдырым,
Арқалап келемін ар жүгін!

Құмырсқа ізі бар,
құмдарға тесілем,
Сырларын паракқа
жыр қылып көшірем.
Арудың аймалап
тұрғандай төсінен,
Білмеймін,
өмірге ғашықпын осы мен!

Қылыш тіл...!

Өмірдің заңдылығы бұл да тағы,
Уақыт сырғып, таң атып, күн батады.
Танымынды аударсаң тамырыңа,
Тас таңбалы тарихың тіл қатады!

Бағындырсаң қиялды сырға тағы,
Шолмылдырсаң жүректі жырға тағы.
Қайыңның тамшы тұнған жапырағын,
Күз ғұмыр желіменен құрғатады.

Өткен ғасыр бас исе жылға тағы,
Қыл қобыз Қорқыт үнін тыңдатады.
Тал бесікте тербелген нәресте ұлтқа,
Тіл бесік әлдиімен үн қатады!

Ұлы түрік тілімен ардақталған,
Сан ғасыр зар заманнан қорғап қалған!
Қола, темір дәуірлер сұрлеуімен,
Келген тіл -
Сақ, Ғұн, Қыпшақ, Сарматтардан!

«Күлтегін», «Тоныкөктей» іргелі жыр,
Түрікке ортақ түбі бір, діңгегі бір!
Керей менен Жәнібек ту көтерді,
Ұлт бірікті - рухы бір, тілдері бір!

Дәуір көші керуенмен тізбектелді.
Қыс, жазды артқа тастап күз, көктемді.
Тұлпарының тұяғын тас мүжіген,
Қазақтар өзін
«Үш жүз»- деп бөлді.

Жыр көбесі күрек тілге сөгілгенде,
Қара сөзді қажалап кеміргенде.
Тілімнің өткірлігі емес пе еді,
Жыраулар хан қасынан көрінгенде?!

Ту тігілген дін менен тілің барда,
Жалғасқан тіл шаң баспай ғұмырларға.
Намысын биік қойған арда қазақ,
Алқа көлді жағалай шұбырғанда.

От алған ел жаңбырлы жасындардан,
Қайсарлық тамыр жайып Қасымдардан.
Құрманғазы домбыраға тіл бітіріп,
Тілге тірек болған ұлт ғасырлардан!

Абыз бен жыраулардан тілім қалған,
Казіргі күн шұбарланып, жырымдалған.
Махамбет, Исатай мен хан Кенеден,
Найза ұшты тіл қалды Сырымдардан.

Жебедей тас жүректі тескен де- Тіл!,
Сахарада сабылып көшкен де- Тіл.
«Тар жол тайғақ кешуден» шындалғандай,
Семсердей серт бұзғанды кескен де -Тіл.

Отарлық бұлт қаптаған күнімізге,
Біріміз жау көріндік бірімізге.
Рухыңды шідерлеп, жүген салып,
Құрық салды, дініміз бен тілімізге...

Өз ұлтынан еріксіз қуылған -Тіл,
Саясаттың торымен буылған -Тіл.
Ашаршылық жылдары аза тұтар,
Азайып қазағымен қырылған -Тіл.

«Оян, қазақ!» бірлікке шақырған-Тіл,
«Масадай» жан таласып аһ ұрған- Тіл.
Ахмет, Міржақып пен Мағжандар бо(лы)п,
Жазықсыз жазаланып атылған-Тіл.

Ісбір түрлі айыптар тағылған-Тіл,
Отарлықтан тауы да шағылған-Тіл.
Бұлағына еріксіз құм құйылып,
Мектебі де зорлықпен жабылған -Тіл.

Жетпіс жыл абақтыға қамалған-Тіл,
Қайта келді дегенмен жоғалған-Тіл.
Шұбарланып кетпесін қазақ тілі,
Орісі енді ғана оңалған Тіл!

Ұлтсыз бен рухсыздан түңілесің,
Бидайдай қауызында ірімесін.
Тарихыңның тамырын құрт кеміріп,
Қылыш тіл қынабында шірімесін!..

Кешкі ой

Пенделіктің мысығы қабағымнан иіскелеп,
Күншілдіктің күшігі балағымнан тістелеп.
Арсыздықтың арланы кескектесе жолымды,
Қызғаныштың қарғасы қарқылымен сұс төгеді.

Жүрегімнің қуысын күдік билеп, түн тұнып,
Жігерімнің қыраны тұғырында сілкініп.
Көже миым көпіріп, ызың толып ішіне,
Қаламым тұр паракқа із сала алмай іркіліп!

Көз жіберіп қараймын үрей толы көшені,
Жабырқатып жанымды суық самал еседі.
Бөлтірік үн естілсе апанынан кешқұрым,
Жұлдыздарды ағызып, қара бұлттар көшеді.

Іңгәлаған сәби үн бесігіне тығылып,
Көлеңкелер көбейді, кешке қайта тіріліп.
Ит біткендер қыңсылап топтасқанда ұйлығып,
Жарықтар да азайды жер бетінен қуылып.

Қабак түйіп адамдар үйге қайтып барады,
Шаршау билеп ақыры жүйке менен сананы.
Тіміскілеп түлкілер ары-бері жортады,
Ұшып, қонған торғайлар дірдектейді, тоңады.

Түн моншағы қап-қара кірпігіме ілініп,
Қараңғылық көбейіп қарашыққа тығылып.
Кешкі ойдың мазасыз жетегінде кеткенде,
Адастырып әкетті түнгі қиял бірігіп...

Ішкі сыр

Ақ жаңбырдың сырылынан сыр ұғып,
Солған гүлдің тамырына үңіліп.
Орман, судың сыбдырынан тіл ұғып,
Арман қылдым қиялыма жүгініп.

Жер бесіктің әлди үнін тыңдаған,
Желде өсіппін, гуілімен тынбаған.
Тал бесікте іңгәлаған сәби ем,
Орге шықтым уақытпенен зырлаған!

Шын өмірден аспан, жұлдыз қыраттан,
Бұл өңірмен, ерке құрақ, бұлақтан.
Таулар, дала, жан-жануар ай-күннен,
Жүрегіммен ғажаптығын ұнатқам!

Табиғаттың әсер алам бәрінен,
Ар-ұяттың тамыр алғам нәрінен.
Жүрегімді таза ұстауға тырысам,
Шариғаттың жүру үшін жолымен.

Осы маған, әке, бата бермеп пе ең?,
Шашыраған нұрға бөгіп жер-көктен.
Көк бөрінің даусын естіп жөргектен,
Асыл анам құшағында ер жеткем!

Асықтым мен поэзия еліне,
Қадам бастым кара өлеңнің жеріне.
Ақ қайыңға қыран, тұлпар, асқар мен,
Ғашықпын мен арулардың бәріне!

Керуен жылмен кетіп жатқан ғасырым,
Көргенмін мен құпиянды жасырын.
Қара өлеңнің қаймағы ғой көбікті,
Емдей білген рухани асылым!

Ой елес

Жанарымнан жасыл ірің ағады,
Қабағымнан ызғар сәуле тарады.
Жаратқанға дұға қылам жалынып,
Сабырлықпен басқара алмай сананы.

Шұрық тесік бұлт көрпелер жоғары,
Пана болмай тондырады даланы.
Жыртығымды жасыра алмай жарығым,
Кірпігімді күнде қырау шалады!

Салтақ-салтақ балалықтың балағы,
Күшік біткен балақты кеп талады!
Тісі батқан балтырдағы жараны,
Бөлтіріктер «жазамыз»- деп жалады.

Қайдан бірақ ауыспалы күн деген,
Айдан жырақ жұлдызы жоқ түн көрем.
Сайдан құлап көлеңкелер шашылып,
Қара тасты жел ызындап тілдеген.

Ара қонған гүлдің бәрі тірі емес,
Көбелектер болып алды күлегеш!
Сиынды деп Тәңіріне ібіліс,
Миымды кеп жұлқылайды мың елес.

«Ійі адамдар, заман ақыр болады!»
Расымен, жер ананың хабары.
Алыс емес заман ақыр аралы,
Адам мінген кеме солай барады.

P.S.

Бүркіт торғай болғаны да жай емес,
Табиғат та бұрынғыға сай емес.
Оңай дейді адам аңға айналу,
Солай дейді менде жүрген ой-елес!

... АҚЫНҒА!!!

(қаламның монологы)

Қара өлеңнің серпідің түңілігін,
Бар әлемнің жырлауға ұлылығын.
Төге бердің қара сөз тамшыларын,
Тере бердім қажымай күні бүгін.

Сандығыңның құлыбы тасаланбай,
Бал жырыңа құнықтым аш адамдай.
Ақ парақты кеміріп із қалдырдым,
Тағдырыңның таңбасын қашағандай.

Шарпылғанда жасытпай жігеріңді,
Жарқылдауға жасын жыр жіберілді!
Қиялыңның кемесін жүздіргенсің,
Толқындарға тоғытып жүрегінді.

Жыр жаздың жетімменен жесір үшін,
Ақ- қараны айырып кету үшін!
Арманыңның қыранын ұшырғансың,
Қара бұлтты қақ жарып өту үшін!

Ақынға туа біткен білімділік,
Ой қосар табиғаттың тілін біліп.
Жас қайыңның жапырақ жүрегіне,
Ұя салдың өлеңмен сырын біліп.

Ызындап құлағыңа Ара ғұмыр,
Қалтырап ызғарына тоңады Гүл.
Жүрегіңнің бесігінде іңгөлаған.
Ақпараққа тіл қатты жаралы жыр.

Қаңбақ көңіл тұрақсыз қаңғығандай,
Қиялыңның жартасы жаңғыра алмай!
Жанарыңа шілдеде шық тұндырдың,
Жыр гүліңе көбелек қондыра алмай!

Ақпараққа мейлі, мен мың сүрінем,
Ақынға өлең-ғұмыр тіршілік ең!
Көктем келсе гүл-құрақ кешіп жүрем,
Жыр аңқыса бәйтерек бүршігінен.

Азығым көп, сиям бар жорғалауға,
Сені аңсап сия жасым сорғалауда!
Қаламдығым құрысын қаңтарылған,
Бір көсілтші Ақыным, болмағанда!

Нөсер

Бір сілкініп қалғандай жастан қырат,
С'ел секіріп келеді тастан құлап.
Жанарсыз жапырақтан жас тамады,
Мұңын айтып тұрғандай аспан жылап!

Шомылғандай моншаға тұнық далаң,
Хош иістер аңкиды қыр ықтаған.
Мөлдір бұлақ сылқылдап күліп жатыр,
Малта тасы дамылсыз қытықтаған.

Сағындырып ғашығы жүдеткендей,
Бәйшешектер құлпырды дір еткендей.
Тамшы ойнаған тас беті бусанып тұр,
Бұлт ұшықтап сол тасты түлеткендей!

Қуанғаннан далаға сыймай барам,
Жақсы сәтті ешқашан қимайды адам!
Аспандағы бұлттарға алғыс айтам,
Бағанағы жасын от шимайлаған!

Өзендердің толқыны тасып таудай,
Тауға бұлттар асылып ғашықтардай.
Ақырын қоштасумен сырғып барады,
Күн сәулесін төгуге асыққандай!

Аге

Аққайыңды ақ ұлпа қар жаппаған,
Бұтағына нұр шық болып тоқтаған.
Шетсіз, шексіз сар даламның сезімі,
Махаббаттан құралады пәк ғалам!

«Махаббат» - деп сан жүректер тоқтаған,
Махаббатты ажалына сатпаған!
Жан біткеннің жанарына жас тұнып,
Ғұмыр бойы тұмарындай сақтаған!

Долданса да махаббатқа ақ боран,
Махаббатсыз құс та қанат қақпаған!
Ол, Тәңірдің адамзатқа тартуы,
Еріккеннен біреу ойлап таппаған!

Тәтті уын жандар аз ғой татпаған,
Бұйра толқын аккумулярын сақтаған!
Құрақтар да самалына сүйгізіп,
Бұлақтар да махаббатсыз ақпаған!

Жүректер мың жүректерді жоқтаған,
Махаббатсыз ала таң да атпаған!
Қыран ғашық өрлікпенен шыңға ұшқан,
Сан тұлпарды махаббат қой баптаған!

Тыныш түнде ер ұйқыда жатпаған,
Махаббат қой қанжарды да саптаған!
Шапағатын сезіне алмай сезімнің,
Махаббатын сатқан жаннан сақтанам!

Махаббат қой аспан жердің арасы,
Махаббат қой жүректердің жарасы.
Мұңға толы, уға толы жүректі,
Дәтің жетсе тіліңменен жалашы!

Мейлі, сен жалын болып отқа оран.
Махаббаттың күні де әлі батпаған!
Мені жердің махаббаты қолдайды,
Сені көрдім махаббатын соттаған!

Махаббат.....?

Елімнің есіл ерлері-ай!
(Желтоқсан боздақтарына)

Бесікті тербеткен үлгі алып анаңнан,
Сыр ұғып, күй естіп киелі даламнан.
Бойыңды билеген рухтан айналдым,
Елімнің ерлері-ай, намыстан жаралған!

Елді де, Жерді де, Отанды ойлаған,
Ерсіндер намыс пен сертінен таймаған!
Жігерін жебедей жаныған өр мінез,
Қайратын алмаспен, қанжардай қайраған!

Қырандай мұзбалақ, жолбарыс жүректі,
Айбарлы, айбынды, болаттай білекті.
Батырлық, батылдық, қайсарлық сендерде,
Сейіліп тастайтын қараңғы түнекті!

Ер жүрек қазақтай халықтың баласы,
Өмірге әкелген батыр ғой анасы.
Қаншама ерлер бар ел-жерін қорғайтын,
Бәрін де сыйдырған қазақтың даласы!

Желтоқсан желінде қайыспай ызғарға,
Ұлт үшін, ел үшін тайсалмай қыздар да.
Еркіндік, ерліктің тастүлек қыранын,
Самғатты ең биік асқарлы құздарға!

Жанарда жалын бар, жүректе отың бар,
Ләззат пен Сәбира арулық затың бар.
Мәншүк пен Әлияның ерлігін қайталап,
Қатарын молайтты ер жүрек батырлар!

Қайратым намысты батырсың өр тұлға,
Өзіңді ұмытпас елің бар артыңда.
Ашулы, айбарлы ажалдың оғынан,
Жасқанбай ел үшін жан қиған нар тұлға!

Жылжыған жылдарым,
өткенді жасырма,
Батырлық, қайсарлық ерліктің қасында.
Ел үшін жан қиған елімнің, ерлері-ай!
Есімің сақталар ғасырдан ғасырға...!

Тағдырымның тамшылары

*** **

Мен тоқтаусыз ақ жауынға айналам!,
Елдің жүгі, елдің мұңы айналам!
Соның бәрін арқалаймын таймаймын,
Айбалтамын ел тініне қайраған!

Ат жаратып әлі отырмын шапқалы,
Тербетеді туған жердің мақпалы.
Шабытымды шақырамын шалғайдан,
Жүрегімде жылтырап жыр шақпағы.

Жанарымды күйдіреді От табы,
Дала мұңды, ақ қыраулы атжалы.
Жүрегімнің сырын оқи алмайды,
Бұл өмірдің түсіргенмен қақпаны!

Сары батыр рухына тағзым

(Толғау)

Сәйгүлік ізі бар сар далам,
Санғасыр баба ізін жалғаған.
Сақ баба сабыры сақталып,
Сайранын салған жер Сары бабам!

Батырлық құрсақтан дарыған,
Алаштың жаралып қанынан.
Айға атын жеткізген оғылан,
Қайратын қанжардай жаныған!

Көк аспан астында алдаспан,
Жарқылдап батырлар алмасқан.
Он екі атаға батырлық,
Тіні мен тегінен жалғасқан.

Жау қорыққан
«Жаубасар ұраннан»,
Қылышын қалмақтың қанына суарған!
Еркөкше, Еркосай ұрпағы,
Торытөбел ат мінген құланжал.

Шоқпарын қолында ойнатқан,
Жар асты жауларын жайратқан.
Торытөбел жеті қат жер үсті,
Тұяқпен құмдарын қайнатқан!

Құмайкөз,қырандай екпіні,
Түн қатып өтіпті көп күні.
Құрғатпай Торытөбел терлігін,
Тебінгі шіріткен тектіні.

Бүгінгі ұрпағы танысын,
Найзадай тік ұстап намысын.
Азаттық жолында айқасты,
Қазақтың туылған бағы үшін!

Шоқпарын сілтесе,
Қабырға сөгіледі десетін.
Жоңғарды дауылша жапырып өтетін,
Көбікті Бура азу шықырлап,

Жау көрсе Қыранкөз қанталап кететін.
Сары батыр – жолбарыс жорытқан,
Жоңғарың қояндай қорыққан.
Інісі Баян да,
Қабылан қайсарлық танытқан!

Екеуі бірігіп жауларын күйреткен!,
Қашудың жолдарын қалмаққа үйреткен.
Қара жер апшысын қуырып,
Ұлт үшін күндері аз үйде өткен.

Түн кезіп, қанжыға майлаған,
Ақ тудың астында сертінен таймаған.
Шаң жұтып,
тұяқтан ыршыған тастарды,
арыстан азуда шайнаған!

Айдарын жел сүйіп,
Жондарын күміс күн қақтаған.
Торытөбел тұяғы,
Қалмақтың бастарын таптаған.
Ұшқан құс қанаты талатын даламды,
Анасы тербеткен бесіктей сақтаған.

Туырлық тілдірмей, белдеуін бекіткен,
Оғылан Сары батыр, қан кешкен етікпен.
(Дұшпанға таптатпай далаңды,
Ұранға тұндырып кетіп пе ең!?)

Шығарса жарлықпен хан үкім,
Киінген торкөзді сауытын.
Сарыдай көкжалы Уақтың,
Жорыққа бастаған бағытын.

Бірбеткей қайтпайтын Арыстан,
Жүйрігі желменен жарысқан.
Жауларын жайратып кетеді,
Күш алып, ғажайып ғарыштан!

Қалмақты қойдай ғып қыратын,
Семсерлі сертінде тұратын.
Абылай ұраны естілсе,
Ойқастай жауларын қуатын.

Соғыста көрсетіп тағылым,
Жүрекке сақтаған сабырын.
Үш жүздің Абылай ханы үшін,
Орыны бір бөлек Сарының.

Батырлар Алашта мыңдаған,
Ақындар ерлігін жырлаған.
Тұлғасы биіктеп барады,
Жарысып уақытпен зырлаған.

Солардың тұлғасы Сары бабам,
Жорыққа ғұмырын арнаған.
Ел - қымбат, жер – қымбат - Ер үшін,
Шығатын сапарлап жолға аман.

Айбармен жауларын шошытқан,
Тексізден кек алып жасытқан.
Жан алып жаукұмар пасықтан,
Қан кешіп тілерсек асықтан.

Мұз шеке,болаттай білегі,
Қара орман қазақтың тірегі.
Қар жастап,түнек бұлт астында,
Тыншымай бөрінің жүрегі.

Таң қылаң бергенде тұратын,
«Алла» - деп жорыққа шығатын.
Сайранын салатын сайыста,
Ойранын шығарып қуатын!

Тұтылған заманда мұнар күн,
Ұлт үшін ұрыста сыналдың.
Шұбар төс, шынжырдай балақты,
Екпінін көрсетіп қыранның.

Аспанның астында сомдалған ер мүсін,
Жорықта сынаған Оғылан нар күшін.
Ұлт үшін туылып,
Рухтың нұрымен жуынып,
Шайқаста көрсеткен батырың бар күшін.

Біз үшін жер ана сөктірмей көбесін,
Жел жыртқан жауға атқан жебесін.
Сары батыр көкбөрі, Уақтың ұрпағы,
Тарих бетіне жазылған ер есім!

Аманжол Зағыпарұлы

Өзіңмен көбейді батырлар шоғыры,
Жасындай жарқылдап шарпыған жалыны.
Тәуелсіз күнімде қайтадан лаулады,
Сарыдай бабамның тереңде тамыры.
Тамыры...!

*** **

Басталды ма пәнидің дүрбелеңі?,
Күйкі тірлік қинады күнде мені.
Құлазыған құмайытта бас айналып,
Сауысқанға қарғалар гүл береді.

О, даланың самалы күй төгеді,
Темірді әжем, жүн қылып шүйкеледі.
Ақсұңқарды қасқырдың апанына,
Әлі жетіп құзғындар итереді!

Бір көлеңке алыстан көрінеді,
Бәйшешектер сарғайып еңіреді.
Өжетсіздер дәрменсіз «түңілдім» - деп,
Өз жүрегін өктемдер кеміреді...!

*** **

Буырқанып асау толқын жарды ұрды,
Жел жортады, шиырлайды сан қырды.
Құлазыған құнсыз мынау құбылыс,
Аңыраумен сырғытады бар күнді.

Сұрғылт бұлттар, шөгіп алды түнерген,
Адасатын тұмандар бар білем мен!
Сондадағы шабыт тұлпар кісінеп,
Жүрегіне арулардың гүл өрген!

Қараңғылық бастырмайды жүз қадам,
Құндағым сен аунап-қунар мұз далам!
Қаракөзім адам түгіл мен сенің,
Жаныңдағы көлеңкеңнен қызғанам!

*** **

«Шірігені секілді балық бастан!»,
Бұл мақал баяғыдан қалыптасқан.
Бір мақалды бойына дарытпастан,
Абалайды айдарсыз алып қашқан!

Тесік тас қасиетті алып тастан!,
Есік тастан қасиетті жарық тастан!
Жасытпас жанарында дала мұңды,
Әңгіменің бастауы алып қашқан.

Күнің бар ма, күлімкөз тас қамалсыз?!,
Жының бар ма, билеші масқара сіз!?
Шала мисыз әңгүдік, әңкі-тәңкі,
Қаралы үйсіз сәбисіз жас баласыз.

Кешікпе қыз, кештерден кеш қаласыз,
Кәсіп теңіз, қайықты басқарасыз!
Андымайтын адамды, мандымайтын,
Жандарды «жөк»-демеймін масқарасыз.

Ерін мүше, недеген осал нағыз!,
Көңіл деген көк дөнен асау нағыз!
Қара талға сүйеніп сұлбаң қалды,
Алақанға мыжылған қос алмаңыз.

Жасырамыз өмірде енді нені?,
Шірігенде үзілген кендір еді.
Зыр жүтірген көздерді сүріндіріп,
Кіндігіңнен қарагөз жел кіреді!

Қыран қалай отырсын қыс тұғырда,
Бұлаңдамай түлкілер іс қылуда.
Ай астында із қалған түнгі сезім,
Аңшылардың кездігі ышқырында.

*** **

Қазіргі махаббат көбелек,
Күн күйдірген қанатын.
Ара боп кеттік не керек,
Әрбір гүлге қонатын.

Абай рухына

Дарқан дала қар көрпеге оранды,
Жапырақтар желге ұшып жоғалды.
Бұлтты аспан, қыс құрсауы сары аяз,
Терезенің аржағы өлі қараңғы.

Жырын оқып шыққан соң ба ақынның?,
Сабыр сақтап, үн шығармай жатырмын.
(Бұл сұрақтың шешуі жоқ сияқты),
О, ұлы Абай сенен асқан ақын кім!?

Адамдар кім?, біздің қоғам қай қоғам?,
Көру қиын бар әлемді айнадан.
Аристотель, Әл – Фараби сияқты,
Неге тумамай жатыр қазір ойлы адам?!

Ақын сенің рухыңа таң қалам,
Қараңғыда қыран болып самғаған!
Мыңмен жалғыз алысқанда бір өзің,
Сені қандай күш қуаты қолдаған?.

Күндіз елмен, түнде өлеңмен тілдескен,
Керуен күнмен, тізбектеліп жыр көшкен.
Шындық жыры, ақиқатпен өріліп,
Шыңғыстаудың шыңырауында үндескен!

Шыңғыстау

Абай туған- Шыңғыстау!,
Тарихтың бетінде көп айтылған-
Шыңғыстау!
Шаңырағына әр үйдің арай тұнған-
Шыңғыстау.
Күн күлімдеп көгінде, жаңа ай туған-
Шыңғыстау!
Данышпаны өлеңнің, Абай туған-
Шыңғыстау!
«Желсіз түнде жарық ай»- ән айтылған-
Шыңғыстау,
Жырдың нұры, асылы, арай тұнған
Шыңғыстау !
Биіксің сен асқақсың, талай шыңнан-
Шыңғыстау!,
Бәрінен де казак бо(лы)п Абай туған-
Шыңғыстау!
Қара қылды қақ жарып шын айтылған-
Шыңғыстау!
Күй күмбірлеп қобызда, сыр айтылған
Шыңғыстау!
«Жырдың кие ұясы» - дәл айтылған-
Шыңғыстау!
Бесігінде тербеліп, Абай туған-
Шыңғыстау!

Бейуак

Жел сыбырлап құпиясын құлаққа,
Күн қонаққа бара жатыр қыратқа.
Көлеңкелер жарық сәуле қуалап,
Көк қабағын түйіп тұрды тұраққа.

Ағаштар мен қой қараған бұтаны,
Барған сайын қараңғылық жұтады.
Ыстық түтін жер бауырлап жүгіріп,
Іздеп пана қаңбақ біткен зытады.

Баурап алды тыныштыққа маңайды,
Леп қана сипап өтіп самайды.
Үрей билеп отырғанда қас қақпай,
Қызыл жалын қазан түбін жалайды.

Жарық сәуле безіп кетті бұлақтан,
Сылдыр, сыңғыр ғайып болып құлақтан,
Әрбір жерден жымындаса жұлдыздар,
Ай көрінді асығыстау қыраттан!

*** **

Жанарға жанар шағылысқанда дір еткен,
Бір-бірін нағыз сүйетін жандар жүрекпен!
Махаббатқа арнап жүректеріне гүл екен,
Сарғайса гүлдер, ғашықтарды да жүдеткен.

Сезім тамшылар
көңіл жапыраққа тамады,
тамшылар көл боп, аққулар келіп қонады.
Аймалап көлдің, толқынын кештің самалы,
Тығылып бұлтқа, ай ару қашып барады.

Тығылып ай да, жұлдыз да бір сәт сөнеді,
Нағыз ғашықтар қосылмай неге өледі?
Ғашық жүректі топырақ бүркеп жасырды,
Амалы қанша тағдырға пенде көнеді!

Өледі бірақ,
лапылдап жанып сөнеді,
Тамшылап жасы, бұлдырап көзі көреді.
Адам өлгенмен,
ғашықтар мәңгі өлмейді!,
Іңгәлап қайта, нәресте ғашық келеді!

Ай болып түнде, шапағат нұрын төгеді,
Күн болып күндіз, төсінді сәуле өбеді.
Күндіз де, түн де бір-бірін ылғи көретін,
Аспанның мәңгі, ғашығы қара жер еді...!

Жарқын бауырыма

Жарқын інім, ағаңа келесің бе?,
Жалпы бүгін сағыныш жел есуде!
Жасыл жайлау, тізілген киізүйлер,
Жанарымды жылытқан ел есімде!

Тағдырымның тамшылары

Жасыл бел, жасыл құрақ, жасыл дала,
Жасыл жусан қой мүжіп басын ғана.
Жусаған қозы-лақтар тәтті еді ғой,
Жақпар – жақпар, қатпарлы тасын қара!

Жүгендеп атты еріттеп шаба дара,
Желдіртіп жылқы жыйып таң ағара.
Желіге жылқы иіріп, арқан тастап,
Жас құлынды шыңғыртып, жаңа ғана,
Жуасытып құлақтап шеттерінен,
Жұтып су қара таудың бөктерінен.
Желдіртіп желге қарсы жүруші едік.
Жерге тамыр, тәтті тамшы ат терінен.

Жағалай қымыз ішіп қыдырушы ек,
Жалаңаяқ таудан құлдай жүгіруші ек!
Жып-жылы саумал ішіп бие бауда,
Жеңгейлер әзіл айтса қызығушы ек.

Жапырып жасыл шөпті аунаушы едік,
Жағаласып құрдастардан қалмаушы едік.
Жай отырмай асау тай еріттеп мініп,
Жас қыздарды тезек терген алдаушы едік.

Жорға мінген күндер-ай тайпалдырып,
Желуші ек, желге қарсы ән сап жүріп!
Жамырап қозы-лақтар сүтті іңірде,
Жатушы едік киіз үйде майшам құрып.

Жағалай ақ сақалдар кеңеседі,
Жабығынан туырлықтың жел еседі.
Жаңбырына тоғытылып жүрген кездер,
Жанардан жел боп ұшты демес едім!

Жылы өлең жазайын жылы ұяға,
Жүрегім айналмасын мұң ұяға.
Жабықтым
туған жерді сағынып кеттім,
Жарқын, билет ал Монголияға!

Ақ арман

Тәңіріміз мейрім толы кеңдік етті!,
Тәуелсіздік ақ арман келді, жетті!
Көк туыңды күн сүйіп еркелетіп,
Көк аспан самалымен желбіретті!

Сапарлап түйесімен күз, көктемді.
Керуен көш қайтқан қаздай тізбектелді.
Тарыдай жер төсіне шашылған ел,
Тәуелсіз шаңырағын іздеп келді.

Әлемнің қадалғандай бар жанары,
Ғаламның ғалымдары таңданады.
Даламның даналығы, дарқандығы,
Сағыныштың жырымен сомдалады!

Атажұрт, атамекен, мәңгі бесік,
Қандастарға ашылды барлық есік.
Шаңырағын шалғайдан іздеген ел,
Сарарқаның төріне алды көшіп!

Кірпігімді самалың желпіп жатыр,
Самсер сүйіп берілген сертім батыл!
Қанмен жасын сіңірген сахарамыз,
Тарихыңның наз күйін шертіп жатыр!

Бір шаңырақ астына ел кешуі,
Алпыс екі тамырдың тербелісі.
Нар Алаш, бар Алаштың бесігі бол,
Татулықтың тұғырлы тал бесігі!!!

Махаббат

Ай астында түнедім,
Күн астында жүдедім!
Қыр астында түледім,
Мұң астында жүрегім!

Менің кеудем тірі өлім!,
Өмір көргем білемін!
Көңілденем күлемін,
Қыс қырауда іреңім,
Күзім кетті сарғайтып,
Мен әншейін құл едім.

Құмырсқаны қорғаған,
Топырақ құндақ құм едің.
Әнімдікі бұл емім,
Көктемдегі гүл өлім,
Бәріңдікі бір өлім.
Өмір кімнің ұстазы?,
Оны қайдан білемін!

Сұрамаңдар адамдар!,
Он сегіз мың ғалам бар!
Жеті кат жер үстінде,
Көкке бір сәт қараңдар!
Тәңірден соң өмірге,
Қосқан сені анаң бар!
Ғашық болған әкеңе,
Әкеге де қараңдар.

Қайындағы махаббат,
Уайымдады қаталап.
Ақ қараның айқасы,
Бір біріне қатал-ақ!

Өзгермейтін өмірде,
Көз көрмейтін өмірде.
Тәңірдікі махаббат,
Өмір үшін күрескен,
Бәріңдікі махаббат.

Махаббат...!!!

*** **

Жүрегімнің ешкім де,
аша алмайды қақпасын!,
Тілегім мың бес күнде,
Тәңір ием сақтасын!
Жындардың мынау ішінде
жынданып кете жаздадым!,
Санасыздардың түрмесі,
мейілі мені соттасын!

Махаббат мұңы ішімде,
махаббат еді жазғаным,
Алпыс екі тамырды,
жанымменен тәнімді,
Қара өлеңнің иісін- ай,
буырқантып қозғадың!

Менің кеше түсімде,
махаббаты үшін де,
Дәрі ішіп өлді бір ару.
Махаббатсыз пенденің,
махаббаты үшін бе!?

Бір жігіт тағы асылды,
мейілі түсін, түсінбе,
Махаббатсыз жындарым,
шайқасып жатыр күшінде.

Тәңертең тұрсам бір ару,
махаббат шайын ішуде....
Ажалдың кегі әлі бар,
шықырлатады тісінде.
Жынданып отыр бір жігіт,
махаббат бар-ау ішінде,
Түсімде мейлі түсінбе!!!

Құйынның илеуінде қаңбақ өмір

Арқалаған ғасырды дәуір елес,
Мың жылғы ақ қайыңның тамыры өлі.
Сан бұлттың арасында сөніп елес,
Жапыраққа жармасып жел үреді.

Боран, ызғар гуілдеп үй тонардай,
Есіктен сығалайды заман ақыр!
Көбелектер қонарға гүл таба алмай,
Қанаттары сарғайып бара жатыр!

Жазулар сыр шертеді тастан көрген,
Дала сырын бүркеулі аспан көрген.
Сайға да, жылғаға да тұрақтамай,
Қаңбақ кетті домалап соққан желмен.

Темір азу, мейлі алма кемір,
Тиындай құнсызданған сауда көңіл.
Жер домалақ болған соң домалайды,
Құйынның илеуінде қаңбақ өмір.

Тағдырымның тамшылары

*** **

Уақытпен жарысып келем мен,
Өлеңді ағытып көгеннен.
Әлемді таниын дегенмен,
Өткенім естелік көнерген!

Ойымның жұлдызы сөнеді,
Ізімді ақ боран көмеді!
Даламның сырларын оқытпай,
Санамның бұлттары төнеді!

Жүйкемді жұқартып жүдедім,
Жанымды жылытар жыр емім.
Тасадан оқ атқан пендеге,
Есалаң адамша күлемін.

Құмдарға сіңеді тамшылар,
Төзуге шыдамым қамшылар.
Жыртығым жамалмай қойды ғой,
Мылтығын кезеніп аңшылар!

Менің де арманым бар шығар,
Сенің де талғамың бар шығар!
Бақытты бағалап жүрейік,
Уақытты күтпейік таусылар!

Аманжол Зағыпарұлы

*** **

Ешкіммен суыспадым, ұрыспадым,
Ешкімнің шайқағам жоқ, ырыс бағын.
Бірлігін-ай десеңші Еврейдің,
Тірлігін-ай десеңші Құмырсқаның!

Қан қайнаған қазақпыз тамырында,
Қамшы ойнатқан жүйріктің сауырында!
Қақ бөліп ұлтымызды ұйып тұрған,
Жат болып бара жатыр бауырым да!

Кірпігімді маламын тағы мұңға,
Жасымызды сіңіріп тағы құмға.
Жалғыз қалып ойланам ұрпақ үшін,
Жалғызданып жалғанның жарығында!

Қас қылмайды қасқырға қасқырың да,
Екі қазақ бір-біріне қас қылуда!
Құны жоқ абырой мен дүние үшін,
Балта сілтеп жатамыз жас ғұмырға.

Иман нұрын себейін жан жарама,
Мейірім нұрын төккен ғой қарғаға да.
Әр күннің сынағынан сүрінбейтін,
Тағдырдың таразысы Алла ғана!

Уақыт

Дәуір, ғасыр, жыл, апта, сағат, ай, күн,
Тәңертең, бесін, ақшам, түні, кеште.
Бәріде тек секундқа тұрақтайтын,
Айналатын жер шары ұлы көште!

Ғасыр сырғып барады бөктерменен,
Жылдар жылжып барады қыратпенен.
Дәуірлердің жалғасы шектелмеген,
Шешуін таба алмайсың сұрақпенен!

Өміріме өрнек салды сан апталар,
Жетіп жатқан тәуліктер тізбегінде.
Тағдырымыз уақытпен парақталар,
Тарихты қалдырып іздерінде!

Сап түзеген сияқты сан айларым,
Таң атса күн бататын ретпенен.
Уақыттың еншісі ғой көп ойларым,
Шабыттың күркесінде түнеп келем!

Өзгереді тұрмайды заман алда,
Әр тағдырдың басында сынағы көп!
Жер бетінде қарайған бар адамға,
Мына ғұмыр берілген бір-ақ рет.

Өміріміз шектеулі осы күнде,
Болмайды енді бір сәтке кешігуге.
Қас-қағымда уақытымыз өтіп кетер,
Тербелейік уақыттың бесігінде!

Мен сені...!

Мен сені аққуға теңер ем,
Аққудан аппақсың не деген?..
Мен сені киікке теңер ем,
Жыр жебе атпаспын жебемен!

Мен сені бұлаққа теңер ем,
Бұлақтан мөлдірсің недеген?..
Мен сені құраққа теңер ем,
Желпиді қайтейін жел өлең!

Мен сені жұлдызға теңер ем,
Жұлдыздан жарықсың недеген?..
Мен сені мың қызға теңер ем,
Жүрегім біреу ғой денемен!

Мен сені жанарға теңер ем,
Жанардан бөлексің недеген?..
Мен сені маралға теңер ем,
Іздеумен сан сапар шегерем!

Тағдырымның тамшылары

Мен сені жаңбырға теңер ем,
Жаңбыр да өзгеше недеген?
Мен сені балжырға теңер ем,
Жүректен шығады ол өлең!

Мен сені аққайың деген ем,
Қайыңнан сұлусың недеген?
Амалсыз тоқтайын деген ем,
Қиялға жүздірдің кемемен.

Мен сені құндызға теңер ем,
Жанымды, тәнімді ұйыттың.
Мен сені бір қызға теңейін,
Сүйгенім біреу ғой, сүйіктім!

Сол түні

Сол түні
Кірпігің ойнап,
қарашықпенен неге қадалдың?
Түріткілеп кірпік,
жүректен тағы қан алдың.
Сілкілеп жанды,
сабырым неге жоғалдың?,
Ақ ұлпа қарға қан тамшы болып тамармын!

Жаралы жүрек тағы да бүгін тоналдың,
Сары аяз сезім, дірдектеп тағы тоңармын.
Осы бір сәтке күрсінем неге соншама?,
Қайырымсыз мынау,
қап-қара түнге қамалдым!

Жүрек тулайды кеудемді бұзып шығардай,
Отыра алмаймын,
тұрсам да бір сәт тұра алмай!
Өлең кесеге жыр құйып саған берер ем,
Жаныма келсең жылыстап жаным жыландай.

Күрке тұрғызсам, жылынар едік тастардан,
Қардағы ізің ериді, тамған жастардан.
Ойменен мұңды, өлең жазармын өзіңе,
Айменен күнді әпере алмаспын аспаннан.

Қадалдың неге, қадалып тұрып жоғалдың,
Үмітті жанмын, табармын сені табармын.
Жанымды неге жаралау үшін жаралдың!?
Ақпарағыма жыр мүсініңді салармын.

Сескенбей келсең бір жасап тағы қалармын,
Сетінемеген сезім көрпеге орармын.
Бір тал үкіні таға алмай кеткен жандар көп,
Жыр тал үкіні бұрымыңызға қадармын!

Тағдырымның тамшылары

*** **

Жырыңды оқып жанардан жас тайғанаған,
Бүгін бақыт кімдер бар ойламаған?
Өмірің құпия бо(лы)п өткен ақын,
Өлеңің ару көркін аймалаған.

Жүректің сұлу жырмен кілтін бұрап,
Гүл ектің ақпараққа тілсіз бірақ.
Ай маңдайлы аруларға жазылған жыр,
Қарашыққа мөп-мөлдір жыр тұндырады!

Махаббатты жырлауға жол табылып,
От жырыңды жүректің қалқаны ғып.
Өлеңмен өлмес мұра қалдырыпсың,
«Жұлдызды жүзік, айды алқа қылып»!

Өр өлеңге ешкім мін таға алмайды,
Шегелер де темірге кадалмайды.
Бар әлемге дағдарыс келгенменен,
Қара өлеңге дағдарыс келе алмайды!

Жырыңнан ұл-қыздарың жалын тапқан,
Махаббат сүю, күй, жолын тапқан.
Мағжан ақын махаббаты мәңгілік қой,
Ғашықтар жүрегінен орын тапқан!

Мағжанның «Мен кімін» өлеңіне жауап

Арыстансың ақиқат деп аһ ұрған,
Жолбарыссың бойға шабыт шақырған!
Көктегі бұлт, жердегі жел өзіңсің,
Сом жүрегің жаратылған ақылдан!

Көкте күнсің сәуле шаштың еліңе,
Жыр әкелдің Түркістанның төріне!
Асау толқын, көбік шашқан теңізсің,
Алты Алаштың сусын болған бәріне!

Жалынсың сен жылу алған мынау ел,
Тұлпарсың сен жазым болған құлагер!
Ұлтшыл десін күнә тақсын пенделік,
Есіміңді ұмытпайды бірақ ел!

Сен өлмейсің, нағыз ақын өлмейді!,
Жүректерің ел жүрегін тербейді.
Сөзің өткір, жалын жүрек, өзің ер,
Асыл жырың мәңгілікке сөнбейді!

Мағжан болып тудың өзің Алаштан,
Жалғыз болу шын тұлпарға жарасқан!
Мағжан біреу, бар қазақтың жалғызы,
Жұлдыз қылды жарқыратып көк аспан!

Данышпансың өзіңе өзің табынған,
Күннің ұлы жаратылған жалыннан.
«Мен кімін?» –деп сұрақ қойсаң жастарға,
Жырым осы жауап болып жазылған!

*** **

Ыстық демің шарпиды бетті өбіп,
Ай сәулесін аспаннан төкті келіп.
Көлге қонған қос аққу секілдіміз,
Қосылсақ бұлтсыз, түпсіз көкті көріп!

Жетуге арманыма бел асармын,
Махаббат дауылында адасармын.
Сені іздеймін өзекті өрт шалса да,
Қайратымды таптауға таласар мұң!

Сағыныштың мөп-мөлдір тамшылары,
Нөсер болып алдыңнан сан шығады!
Өрмекшінің торындай махаббатым,
Өмірімнің өшпейтін шамшырағы!

Кірпігінде тәтті мұң, көп қарадың,
Жанарың жасқа толып ақмаралым.
Көңілімнің кірлерін тазаладың,
Аруым, аппақ білек, ақтамағым!

Кешкұрым сезім самал жанды ырғады,
Қалтыратып, мұздатып тоңдырғаны.
Сағымға сен айналып кеттің білем.
Бір тамшы жас боп қалдың тағдырдағы!

Сұлу мүсін қайындай сүйіктісің,
Маралмысың, аққумысың киікпісің...?
Жас талға мен сүйеніп ойланамын,
Аспанда ұшып барады биік құсым.

Әлі мені тоңдырар ызғар көрпем,
Ерімейтін жүректе мұз бар ме кен?,
Кірпігіңнің бір талы қанат болар,
Мен үшін сенен сұлу қыз бар ме кен...!?

Ару мұны

Адастың ба ару қыз тұманда,
қа(лы)п?,
Арбады ма ашулы жылан қарап?.
Сол тұманнан құтқарып ала
алмады,
Қыраттан қақсадағы қыран
қанат!
Гүлдеп өскен қазақтың бағы
қыздар,
Жел қақпаған бетінді қарып
ызғар.

Арыңменен тәніңді сатқаныңда,
Көрген жанның түршігіп жаны мұздар!

Қарай берші боянып, айнаға да,
Бірақ, қалма панасыз айдалада.
Шылым шегіп,
шараптан жұтқандар бар,
Соны «қызым»- деп жүрген қайран Ана!

Нәзік жандар құлпырып, соласындар,
Бүгін ару, күні ертең анасындар!
Сырын білмей наданның тіліне еріп,
Көкірекке құм құйып аласындар!

Арды сақтап,
қырға гүлдей жайқал барып,
(Алтын балық болмайды сайтан балық.)
Жүрек кірін сүртіңдер иман нұрмен,
Он сегізің келмейді –ау қайта айналып!

*** **

Мөлдір, тұнық
тамшысындай жаңбырдың,
Жусанына жан бітіріп сан қырдың.
Қалам ұшын ақпараққа қайрайын,
Тамырына жан бітіріп сан гүлдің!

Тәттілігі болады екен әр гүлдің,
Тәтті мұңы болады екен әр күннің!
Керегімді іздеп жүрмін тағдырдан,
Өлеңімді келешекке қалдырдым!

О, махаббат, мен де сенің құлыңмын

Кірпігіңде жанарыңның жарқылы,
От ойнаса жүрегімді шарпыды.
Қараңғы түн жарық айды қарпыды.
Мұңға шомған гүл жұпары аңқыды!

Көрген көзім тұра ала ма шыдап-ай!,
Қыран жүрек талпынады шыдамай.
Мерген сезім ата ала ма құралай!?,
Тұрған жүдеп қалтырады құлады Ай!

Бар үмітті су құйғандай сөндіріп,
Бәрі бітті қара мұңды төндіріп.
Махаббаттың таңбасы бар жүректе,
Сезім шіркін өз ырқына көндіріп...!
Махаббаттың қиясында сүріндім,
Сүріндім де қайта тұрдым жүгірдім.
Жүрегімнің әмірінен аспаған,
О, махаббат, мен де сенің құлыңмын!

О, махаббат, түпсіз терең тұңғиық!,
Тұманыңа адастырдың,
Жүрегіме у құйып!
Таба алмадым, ән арнадым,
жараландым өртендім,
Арманым да, қиялым да
жанды жеген бір күйік....!

Ұстаздан алған сабағым

Ұстаздан алған сабағым,
Шипасы болды жараның!
Көзін ашқан сол- ұстаз,
Сан мыңдаған баланың.

Ұстата білді қаламды,
Таныта білді қоғамды.
Біліммен өнер үйретіп,
Өсіре білді санамды!

Ақылың- таза бұлақтай,
Білімің- жарық шырақтай!
Алып келдің жетектеп,
Құз-қиядан құлатпай!

Жүрекке жылу енгіздің,
Анамыздай сен біздің.
«Ақыл» деген аты бар,
Меруерт маржан тергіздің!

Аманжол Зағыпарұлы

Оқыдық алға адымдап,
Бойыма бітті дарын бақ!
Сенің арқаң емес пе?,
Жүргеніміз жалындап.

Бал егер тамса тілімнен,
Тамған шығар білімнен.
Сусындатып өсірдің,
Қазыналы білімнен.

*** **

Қара жерге қадалып байқарда із бар.
Жылы самал ескенде шайқалды ызғар,
Қаңбақ тәнім желге ұшып бара жатыр,
Жүрегімді теуіп жүр сайтан қыздар!

Кірпіктерге түнеген қара сұлба,
Таң ағарса жарықпен таласуда.
Менің мынау миымда қырау дақ бар,
Ойларым ақылымнан адасуда!

*** **

Сағындым, Ана!
Сағындым, Ана!
зарыққандардың бірімін,
Құшағыңда өсіп
Ақ сүттің емген тұнығын.
Түсінем бәрін, алыста жүріп ойланам,
Кісінеп өлең арнады ана құлының!

Балғын еркелік, есіріп өстім шалқалап,
Ауылға барсаң келесің құртты қалталап.
Аялап мені, ауыртпай ана , тоңдырмай,
Өсірдің бізді,
Қой жайып, отын арқалап!
Ала қап сүйреп, сарылып тезек тергенде,
Ашықтырмадың, тарығып жүріп шөлден де.
Ауырсаң күліп, жүдесең жайнап кетесің,
Бесікте жатқан ұлынды мынау көргенде!
Сағындым, Ана
жүдеу көңілдің нұрысын,
Сағындым Ана,
сенсіз күндерім құрысын!
Сағындым Ана,
тарылды менің тынысым,
Сағындым, Ана!
Сағындым, Ана!
Алақаныңның жылысын!

Махамбетке

Сыбырлап ерлігінді айтар самал,
Жырлауға батырыңды ой тамсанар.
Ысылдаған сұр жебе жарқылдатқан,
Махамбеттің жүзіне Ай тамсанар!

Дүбірі бар
тұлпарының қызыр далам,
Құмдарыңа қараймын із ұрлаған.
Ұлтарактай жер үшін атқа қонып,
Аралардан қорғады ызындаған!

Шығармаймыз қайғылы ғасырды естен,
Семсер сілтеп,
қылыш қайрап осында өскен.
Бетке айтатын ханға да, қараға да,
Қарсы келсе, әділдікпен басын кескен!

Қыран ұшып кеткенмен тұғыры бар,
Жырларында өрліктің тұнығы бар.
Табыты бар далада, жүрегімде,
Махамбет жебесінің сынығы бар...!

Аллаға тағзым

Жаратқан ием бір Аллам,
Таратқан нұрын құраннан.
Барлығы хақтан құралған,
Таң атқанына қуанғам!

Кешірім сұрап жылаймын,
Есімін айтып Құдайдың.
Есіріп бүгін жүрсем де,
Бесігім жер ғой ләйім!

Бет бұрған кезде құбыла,
Намаздың тойып нұрына.
Алланың барын айтқызар,
Адамның барша ұлына!

Жиғанын шайтан арбаса,
Сыйларын дұрыс алмаса.
Пенделік ғұмыр бес тиын,
Иманы бойда болмаса!

Жетімдерінді жылатқан,
Құр қалар иман шуақтан.
Қарыны үшін жүргеннің,
Орыны болмас жұмақтан!

Аллада рахым жоғары,
Күндерің өтіп барады.
Дүние деген алдамшы,
Көз жұмған күні қалады!

Жылағаныңда жалынар,
Сұрағаныңда табылар.
Сәждеге басың тисе егер,
Күнәларың да арылар!

Пайғамбарымның үмбеті,
Барша адамдардың міндеті,
Аллаға басын «исін» - деп,
«Сәждеге маңдай тисін»- деп!,
«Құранның әрбір беттері,
Ашылған кезде «сүйсін»- деп!,
Жазылған еді хадисте,
«Ойына адам түйсін»- деп!

Құранның әрбір сөзінен,
Жұмақтың исін сезінем.
Алланың аты оқылсын,
Барша адамдардың көзінен!

Имандылыққа лайық,
Құбылаға бетті бұрайық!
Мадақты айтып Аллаға,
Жүректі нұрмен жуайық!
Күнәміз үшін кешірім,
Намазда тұрып сұрайық!

Амангелді Рамазановқа
(Елуге келген тойына арналған жыр)

Ақпараққа із салды жыр қаламым,
Тұлпарлары көп болған бұл даланың.
Нұр таңы саған да енді атсын дейік,
Ұрпағы Амангелді Жылғараның!

Сөйлетіңіз тағы да бір домбыраны!,
Қызылжарда қалықтасын ән қыраны!
Көңілдің толқып жатқан айдынына,
Ән аққуын Аман ағам қондырады!

Тербелсін ән-жырменен арқа бүгін,
Шарықтатып ән шырқасын арқалы ұлың!
Бойыңызға ақ сүтпен ән дарытқан,
Туған бесік, туған жер –Орталығың!

Ән аққуын қондырып жатыр айдын,
Сұлу әнді сабырмен бақылаймын.
Тағы да бір құйқылжытып әніңе сал,
Ұрпағы рас болсаң Атығайдың!

Біздің жаққа белгілі есімің де,
Ұлағатты ұстазсыз осы күнде.
Ердің жасы елуге толып жатсыз,
Есілдің тербелген ұл бесігінде!

Өзіндей ағалардан үлгі алғанмын,
Қасиетті қара сөзге шындалғанмын.
Сегіз Сері, Ақандар мен Ыбырайдың,
Ізін жалғап келесіз Біржандардың!

Өнеріңіз бар сізде көпті озатын,
Жадыраған жаныңыз досқа жақын.
Дәстүрлі әнімізге үлес қосып,
Әніңіздің шапқыза бер ақбоз атын!

Аманжол Зағыпарұлы

Ай мен күн жарық болып аспаныңда,
Ұстаз болып жүре бер жас дарынға.
Қолыңызға таяқ емес, домбыра ұстап,
Өніңізді шырқай бер тоқсаныңда!

Қазақтың кара өлеңін сағынады ұл,
Ұялаған әдемі жаныңа жыр.
Елімізді әнменен сусындатып,
Өніңізді шырқаңыз тағы да бір!

Мен әкемін
(Бейбарысым туғанда)

Қанымда күй шалқып,
Миымда өлеңім көктеді!
Тәңірім сый тартып,
Өлеңнің өрілді дәптері!
Періштелер жар салып,
Әлемге ғажайып дауыспен.
Қайындар самалмен ән салып,
Ойларым
тілдесті шабыттай ғарышпен!
Жүректің айнасын сүрткізіп,
Тілектің сұңқарын ұшырдың!
Көңілдің көк туын тіккізіп,
Күн нұрын көзіме түсірдің!
Іңгәлап жанымды гүлдетіп,
Ана ғып жарымды сол күні!,
Шаттықпен қанымды билетіп,
Таңдайға жыр екті таң нұры!

Әлдимен әдемі-і-і әлемге,
Көкбөрі тектестің тұқымы,
«Тәңірім қолдай гөр»- дегенде,
Құрсақты қазақтың Құт ұлы.
Өмірдің есігін ашыпсың!,
Есілін Солтүстік тасытсын!
Ұл болды тұлабой тұңғышым,
Ұйқысыз ұшырдым жыр құсын!
Топырақ құндақта аунадың,
Жанменен жаралды бір мүсін!
Жып-жылы көктемде жеткенде,
Сәбидің күлкісін шашыпсың.
Жүрекпен дұға ғып,
ойларым тереңнен құралып,
Бейбарыс Сұлтанның есімін мұра ғып.
Әкелер тізімін көбейтіп,
Тілімнен текті сөз шығарып.
Өлеңмен бесікке бөлейін,
Ақсүтке жыр қосып берейін.
Түріңнен айналдым тәп-тәтті,
Бір ұлмен көбейді Керейім!
Бұл елің жүрекпен сүйеді,
Қызылжар топырақ киелі!
Нағашың текті елдің баласы,
Бейбарыс Атығай жиені.
Шаттықпен тілектің құстары,
Адами тілменен ұшқаны,
Өмірге сен келіп жатқанда,
Әкенді шабыты қыстады.
Текті өлең тебіндеп келгесін,

Құлыным бір Тәңірім бергесін.
Бүгінше жылама анаң да,
Бейбарыс бесігін тербесін...!

Кім еді бұл адамдар?

Кеше

Кім еді бұл адамдар?,
Бәріне шыдағандар!
Ғасырдың қиясынан,
Сескеніп тұр адамдар.
«Неге»- деп сұрамаңдар?!
Тағдырға жылағандар.
Барлығы бір адамдар!
Көруге ынтығып ем,
Жас тамды кірпігімнен,
Қасқырлар азу басып,
Алдамшы түлкі күлген!
Мұң қайта ақтарылма,
Жата бер батпағымда!
Суарған көздің жасы,
Замана қатпарында...!

Бүгін

Жойылды қасқағымда,
Күн күліп аспанымда!
Қиындық күпілері,
Шешіліп тасталды ма?.
Кім еді бұл адамдар!
Күледі жылағандар.

Ғасырдың нұры сіңіп,
Қуанып жүр адамдар.
Құлпырған гүл адамдар,
Тағдырға шыдағандар!
Ел болып тынышталған,
Қазақ қой бұл адамдар.
Ұран бар «бірік» - деген,
Мен солай жүріп келем.
Жалғасқан бәйтерек ел,
Тамыры Түрікпенен!

Сен кімсің?!

Сен кімсің,
селк етер жүрегім соншама?,
Сен кімсің,
жүзіңнен жылулық сезілген?.
Сен кімсің,
қараймын тамсана қаншама?,
Сен кімсің,
сұрақты оқышы көзімнен!?
Сен кімсің,
Жаралған жансың-ау төзімнен!,
Сен- күнсің
сәулеңе жылынып барамын,
Сен- гүлсің
қиылып қызыға қарадың!
Сен- нұрсың
шоқ шашып қарашық, жанарың,

Сен-
аққағаз жыр төгер қаламым!

Сен кімсің,
құсымдай ақ арман?,
Сен кімсің,
кетпестей санамнан?.
Сен кімсің,
айдында таранған!?
Сен кімсің,
аққудай жаралған?.

Сен- жұлдыз аспанда сан арман,
Сен -күндіз сұлусың маралдан!
Өзгеше емессің бәрі бір адамнан,
Сен бір қыз туылған анаңнан!

Әке

Жеті қат көктен,
жеті қат жерден үн тыңдап,
Жетімек ұлдың
жанарына сенсіз сыр тұнбақ!
Жансыз бейнеңнен
ақыл жанарлы мұң көріп,
Қауырсын жүрек,
калайша енді қырқылмақ!

Топырақ көрпең жылы ма Әке, тоңдың ба?,
Қарыздармыз ғой,
парыздармыз ғой алдында!
Сен бакқан,
жылқының бәрі жоғалған,
Құлындарының құлындары бар мұнда!

Сен жүрген жерлер ізінді жатыр сайратып,
Күн шықты талай өзің кеткелі ай батып.
Құрдастарыңның көне көздері азайып,
Ұл – қыздарының немересі жүр тойлатып!

Сен шапқан шөптің тамыры талай бүр жарып,
Сен шыққан таулар көзіме түссе мұң қалып.
Шәй ішкен кесең сусынымызды қандырып,
Сен көрген шыбық бәйтерек болды ырғалып!

Дұғалы өлең
(Ғабене)

Ақпарақ пен қара қалам арасын,
Жүйрік жылдар шаңға бөгіп барасың!
Тарихтың тасқа басқан таңбасы,
Ғасырлардан ғасырларға қаласың!

Жасындардан шабыт сәуле тарасын,
Асыл маржан, жакұт нұрын табасың!
Абайлардың керуенімен ілескен,
Асылдардың уақыт берген бағасын!

Даралайтын дарқан дала данасын,
Саралайтын саналардан табасың.
Солтүстіктің шабыт тербеп бесігін,
Нар тұлғаға айналдырды баласын!

Ғажайыптың сыйын тартып қаламнан,
Қарт жылдардың қатпарына қадалған!
Қарашыққа қара сөзден нұр тұнып,
Жаңажолдың құрсағанда жаралған!

Дара жолға даралықпен жол алған,
Қыран түлеп қанат қақты ақ арман!
Әдебиет әлемінде қалықтап,
Ерке толқын Есілінде таранған.

Парасаттан тапқан тұлға тұрағын,
Қасқыр заман арқалаған сынағын.
Прозаның жүздірген соң кемесін,
Асау жылдар толқынына шыдадың!

Алатаудай барып қонып тұғырға,
Мәңгі мұра мирас етті ғұмырға.
Мақтануды сүймейтұғын шын тұлға,
Ғабенменен мақтанайық шынында!

Бағындырып қара сөздің ғарышын,
Қамшы басып қара қазақ қамы үшін.
Өз кеудесін отқа тосқан өр тұлға,
Бейімбеттей бәйтеректің ары үшін!

Зерделеген тариқта парағын,
Ең көреген көзбен көпке қарадың.
Ел көреген еңбегінді еселер,
Жорғалаған жауһар сөзбен қаламың!

Қара сөзді қара қалам мүжіген,
Жусан иісті бұрқыратып ізінен.
Өткір тілді қайсар Рух бойында,
Қайыспаған қанжар қоғам жүзінен!

Тұрсадағы құйын желдің өтінде,
Бусанады рух нұры бетінде.
Тастан қашап ескерткішті тұрғызды- Ел!,
Жусан иісті жұмыр жердің бетінде!

Құмар елміз бұлт тіреген шынға біз,
Есіміңді қайталаймыз жылда біз.
Жапырағын аққайыңның жамылған,
Топырағың торқа болсын Тұлғамыз!
ӘМИН...!

*** **

Әр жерден сағым
жылтылдап ойнап түртіп еді,
Бір пәле жатыр, ару бұлттарды сілкілеп.
Қия беттерден тайғанақтаса тамшылар,
Ыза болады дала бұлағы күркіреп.

Аманжол Зағыпарұлы

Өксіген бұлттар шыдай алмайды секіріп,
Сарғайған гүлдер есін жинады кекіріп.
Өзен ашулы ұрғылап жатыр жағаны,
Бұрқырап иісі, шөлдеген жусан жетіліп.

Найзағай жебе мақпал даламыз тілінді,
Желіккен сел де жыралармен жүгірді.
Оятты білем тамшылар жаңа тепкілеп,
Жаңғырды тілсіз жартастар қайта тірілді...!

*** **

Ширатып жылды
иірді өмір ұршығын,
Иттердің емес,
пенденің естіп қыңсылын.
Жауыр тауларға қара бұлт барып асылып,
Айта алмай барады,
сарғайып кеткен гүл сырын!

Күздегі боран тамырын шөптің қыршыпты,
Аймалап жатыр дала төсінде нұр шықты.
Терек жүдесе жапырағымен қоштасып,
Қарлыққан даусым жар тасқа барып тұншықты!

Өлең

Өлең - өзен, мен -шортан еркелеген,
Тоңған тәнді жылытатын көрпеменен!
Көкірегімді шарпыды, өртеді өлең,
Бір тамшымен мас қылып жіберетін,
Қалғысам да кірпіктен шертеді өлең!

Күнге жақын мен сенен таптым айды,
Қалам жүйрік шалдықпай шапқылайды.
Өлең жазбай бірнеше апта өткізсем,
Жүрегімнің қақпасын қаққылайды...!

Кірпік

Көзімде ойнағандай күлкі лебі,
Шымылдығы жанардың кірпік еді!
Былшықтарын тазартып тік тұруға,
Бәйгедегі тұлпардай сілкінеді!

Дала лебі сүртеді жас іріңді,
Қар, мұз қатқан
мандайдың қасы мұңды.
Қарауылда тұратын кірпігіне,
Қарашығым ақырын жасырынды.

Таң сілемі шатқалдан атты күліп,
Көкірегім арайға жатты жібіп.
Таңғы рауан ұялап кірпігіме,
Қарашыққа шашырай кетті кіріп!

P.S

Аш қыранға қоян да, түлкі де бір,
Гүл іздейді көбелек күлкі көңіл.
Ал жанардың оққағар сақшылары,
Адам үшін Кірпік- ер, Кірпік – өмір!

Ақын рухына

Қарасаздың талбесігі ырғалып,
Құрсағында өз ананың бүр жарып.
Қара өлеңнің жұпарынан нәр алып,
Қара таудың қас қыраны туды анық!

Жыр қыраны балапандап текті өлең,
Жалын болып лапылдады отты өлең.
Жыр жусанның исі аңқиды көптеген,
Көк бөрінің бауырында көктеген!

Абыздар мен жыраулардан басқа бір,
Өсіп шықты солмайтұғын тасқа Гүл.
Поэзия алыбына айналды,
Өмір бойы өлеңге үлес қосқан Ұл!

Ақ нөсердің жасыны боп жарқылдай,
Селге айналды бұйра-бұйра толқындай!
Қазағымның жырмен шөлін қандырып,
Аға берді асау өзен сарқылмай!

Сөз жетпейтін ақын бедің тұңғыық,
Көз жетпейтін пайда болды бір биік!
Бал тамызған таңдайына талайдың,
Арулардың жүрегіне нұр құйып.

Табиғаттың тылсым үнін тыңдатып,
Жанарынан төгілгендей нұр-жаһұт.
Қалам ұшын қара сөзге қайрап а(лы)п,
Туған жерде өлең жазу бір бақыт!

Жыр қынынан суырғандай қылышын,
Жанын салған ақиқатпен шын үшін.
Пушкинменен, Есениндей болсаң да,
Қазағымның қарапайым ұлысың!

Өз жолыңды кескектеген пенделік,
Қанбақ болды ұшырғанда жел келіп.
Ғашықтықтың ауырғандар дертімен,
Жырларыңа қарық болды емделіп.

Таң ағарып кетті талай түн ығып,
Керуен жылдар өтіп жатыр шұбырып.
Өмір сүрген уақыт алыс болғанмен,
Аласармас ешқашанда ұлылық!

Жырларыңнан үлгі өнеге мол алсақ,
Кірпігіне қарайтындай жанар сақ.
Жыр аққуы қайда кеттің оралмай?!
Жетім көлдей дала жатыр сені аңсап!

Өлең жырдың жазып кеткен тұнығын,
Еске аламыз Алты Алаштың бір ұлын.
Алатауға қарай берем «Сен бар»- деп!,
Қалғандай-ақ сонда сенің тұғырың.

Ғасырлардан ғасырларға жалғасып,
Қалғанда жоқ архивтерде шаң басып.
Ел ардақтап есіміңді жүреді,
Уақыт сырғып жатсадағы алмасып.

Тайғанақ өмір

Айнала не бір құпия қалың қырат құз,
Тайғанақ өмір жығылып тұрып шыдаппыз!
Айнаға егіл бейненді көріп жылап қыз,
Қаймана көңіл бақытты сәтің тұрақсыз!

Адасқан ойым «үміт сәулесін үзер»- деп,
Асау сабырды ақылым бір сәт жүгендеп.
Ал, біреулер алжасып отыр «кірем» - деп,
Заманақырдың табалдырығында тізерлеп...!

Ғабең бейнесі...! ... іздеймін

«Тәңір»- деп төккен кезде жыр нөсерін,
Шабыттың тұлпарымен құм кешемін.
Ғабең Ғабең болмаса дарын тұлға,
Ұлпанның жаңалығын білмес едім!

Ірісі едің ірілердің ішінде сен,
Сөзбенен ана өмірін мүсіндесең.
Ұлпандай романды оқымасам,
Теріскейдің киесін түсінбес ем!

.....

.....

Асқар тұлғаң бар қаламда сенің!
Мұраңнан ілім ала алмас едім!
Прозаңыз жетпесе бізге,
Өзіңе теңеу таба алмас едім!

Ұрпағың енді көкке көтерсін!,
Рухани бай мектеп екенсің!
Әдебиеттің ақпарағына,
Сөз жауһарларын сепкен екенсің!

Азат күнімнің ай, күнін көрем,
Қазақтығымның айдынын көрем.
Прозаңызға бойлаған сайын,
Ғажап тілімнің байлығын көрем!

Ұрпағың енді неге білмесін?,
Текті туынды бере білгесін!
Жұлдызды атың мәңгі жарқырар,
Әдебиеттің әлеміндесің!

Руханиатқа ізгі өткел едің,
Солтүстік шыңы «Сіз»- деп білемін.
Кешегі Ғабек баба бейнесін,
Бүгінгі ұрпақтан іздеп келемін....!

Есімі бұйырмаған бесігім

Қып-қызыл жар еді,
Толыбай жылқысы қаптаған,
Қызғылт нұр таң еді,
қазаки тамырын сақтаған!
Рухтың төрі еді,
тұлпарын баптаған!,
Ұрпағын ұйытқан, топырақ сақ бабам!

Аққайың әдемі, құнарлы топырақ,
еркелеп Есілі,
Батырды туғызған, алаштың бесігі!
Заманның шокпары, қоғамның кесірі,
Бабамның ақталмай аманат шешімі...!

Тас жолдың астында рухым жаншылды!,
Жер ана тербеткен құрсағы қанша ұлды?!
Туған жер төсінде тектілер азайып,
Ерітіп жіберді рухты қар сынды!

Қызылжар деуге де тіліміз күрмеліп,
Өзгеше боламыз, өзгеше түрге еніп.
Толыбай әулеті жатқан бұл топырақ,
Төсінде жас ұрпақ басқаша гүлдедік...!

Қазақ

Иман жүзді, нұрлы жүрек дұғалы,
Он сегіз мың ғалам ғұмыр сынағы!
Ғасыр бұлтын жанарымен жуады,
Бөрі тектес таудың Тағы Қыраны!

Жел тимеген, жебе сүйген айдары,
Семсер сүйіп серт кешуден таймады!
Бейбітшілік бесігінің айғағы,
Желбіреді бұлттан биік байрағы!

Қарашығын ай нұрына сүйдірген!,
Дұшпанының көкірегін күйдірген!
Домбыра мұң шанағында күй күлген,
Тас ғасырдың тас емшегін идірген!

Өз отаны көк жалдардың апаны,
Жұмыр қылыш қынабында жатады.
Бабасынан ұрпақ өскен баталы,
Татулықтың талбесігі шаһары!

Дала бесік жұпар құрақ құндағы,
Тұлпарының тері сіңген шыңдары.
Құба көрпе тән жылытқан құмдары,
Иран бақты бау-бақшасы гүлзәрі!

Аманжол Зағыпарұлы

Түйелі көш жерұйыққа жетті енді,
Күн еркелеп сүйіп жатыр көк белді!
Қазақтың азаттығын айғақтар,
Көк туымды көтерейік көкке енді!

*** **

Байқадың ба
ыстық жас ыршығаны?,
Өзіңе деген сезім құлшынады!
Бар сырымды ақтарып тастамасам,
Сағынышым сарғайып тұншығады!

Ақ жүзінді көшеден талай көрдім,
Қос жанарды жұлдызға балай бердім.
Ғашықтың тікенін жүрегіме,
Жаралап аямастан қадай бердің...!

Сағынышым сен ғана

Үңілемін жоғалтқандай тереңге,
Сағынғанда сағымыңды көрем бе?
Құстар қайтты неге мойын бұрмадың,
Жұлдызым бо(лы)п тұрмайсың ба төбемде!?

Ақкумысың мерген қиып атпаған,
От деміңе өртенемін, қақталам.
Таң ағарса, күн шығуға таяса,
Келе жатқан өзің екен деп қалам....!

Махаббат

Мұз көрпеде, ұйқыдасың Есілде,
Қызылжардың шәрбат самал төсінде.
Жұлдызым сен ай нұрына шомылған,
Бұлт жасырды қыстың қырау кешінде!

Көрінбейді, көрінбейді ай бүгін,
Жел үрлейді құлазытып ойды мұң!
Жүрек соғып үркіп ұшқан аққуым,
Іздеп кеткен секілді ғой айдынын!

Маңырайды жетім жүрек жас- лақ,
Анаң терек сен көктеген жапырақ.
Мөлдір көзің күннің нұры шашырап,
Кірпіктерің неге сырын жасырады...!

*** **

Көңіл жүдеу жүрегім тыншымады,
Зуылдап жел естіріткен тылсым әлі.
Ұмытам деп жүзіңді жасырғанмен,
Жұлдыз болып төбемде тұрсың әлі!

Махаббаттың шыңынан гүл теріп ем,
Басқа уайым жүрекке мұң теліп ең!
Ойымның ормандарын өрт шалғанда,
Паналатқан қара өлең күрке білем...!

Ұрғылаған қара жер тесік өкпем!,
Елдің жасын етікпен кешіп өткен.
Тұнық көлде аққудан қарға туып,
Тастақта жүр көбелек есі кеткен.

Аштан өліп даланың бөрілері,
Сасық суда шаяндар семіреді.
Гүлдер күйіп жапырақ желге ұшқанда,
Ағаштың тамырын құрт кеміреді.

Құйын соғып ашылған тепті есікке,
Тойып алған құтырып кетпес ит те.
Бәз бүреулер қол сермеп күн өткізер,
Ай нәресте тербелген көк бесікке...!

Ақын аға рухына
(Мұқағали)

Жұлдыз қашып, бұлт шошып,
аспан ашық,
Өзен тасып, шық басып тастан асып!
Аққу ұшып, шашырап киелі күн,
Түн пердесін нұр шашып жатқан ашып.

Поэзия бұлағын түйе кешіп,
Жебе тіл ой орманда ілебі есіп.
Күй төгіліп сәби үн інгәлаған,
Ақынды тербетеді кие бесік!

Жыл қуалап аязды, қар сыпырып,
Ақпанның айбарына қарсы тұрып.
Асыл ана өмірге ұл әкелді!,
Мұз болса да жанарға тамшы тұрып!

Тас кеуделер жүрсе де баласынып,
Темір түйін қақпадан ой ашылып.
Рухы өр, болат жігер қайсар ұлмен,
Сырласуға кешкұрым Ай асығып!

Көкірегі өртенген ғашық ұлды,
Бал жырымен араласқан ащы мұңды.
Жыр шындық кітабына өлең жазып,
Сөзбенен кестеледі ғасырымды!

Өлеңмен өрнектеліп сан құз қырат,
Тамыр жансыз, дәрі шөп жалбыз құлап!
Есерсоқтар бұлаққа құмын құйып,
Құса болып өттің бе?, жалғыз пырақ!

Бұлт сырғып, ай тербеліп бара жатыр,
Таулар тілсіз гүл солып жағада тұр.
Поэзия аққуы қайда кеттің?,
Жеттім көлдей сені аңсап дала жатыр.

Аққағазға көсілші, тұрма қалам!,
Шабыттың бәйтерегін ырғап алам.
Ақпанның тоғызында туған ақын,
Сәби үнсіз жаңғырық інгәлаған!

Талай ізін салады құс қаламым!,
Күміс шықпен жеткізді қыс хабарын.
Күз ғұмыры сар жапырақ үзіліпті,
Қайран уақыт жүзінде ұстараның!

Аққыраулы сары аяз қыс қабағын,
Үнсіздікпен жеткізем қысқа бәрін.
Қара жерім жабылса мақта қарды,
Елемейміз ұйытқыған қыс боранын!

Төрт мезгіл,
бес күнгі өмір қысқа бәрің,
Сұрапыл сұмдық көрсем сұстанамын!
Өткенге қарай-қарай көзім талды-ау!,
Көктемде жеткізеді құстар әнін..!

Қара қыз

Аспан тұр күрсініп,
Басталды тіршілік тағы да.
Көзіме қап-қара түн сіңіп,
Тыныштық орнады жаныма!

Жұлдыздар көгімде сырғанап
ағады,
жанымды даланың гүлге орап самалы!
көңілге көрікті ой көктетіп барады,
Сезініп саф тұнық ауаны!

Жазылды тағы да түнгі өлең,
Көкірек нұрменен гүлдеген!
Шабыттың ғарышын кеземін,
Өлеңмен сырласып түнде мен!

Қайда екен кешегі қара қыз?,
Салқындап кеткен жоқ,
алыстап кеткенмен арамыз.
Қап-қара бұрымың,
түнгі бұл самалға тараңыз!
Мен тұрмын далада,
далаға шығыңыз, қараңыз!,
мәңгілік емеспіз
бір күні сөнеміз
жұлдыздай ағамыз!

Амал не? тағдырға көнеміз
уақытты санаңыз!,
Сағыныш көрпесін жамылып келеміз.
Қайдасың, қара қыз?!
далаға шығыңыз қараңыз,
мүмкін біз кездесіп қаламыз...!

Аманжол Зағыпарұлы

*** **

Аққайыңды тербеткендей
жапырақтың дірілі,
Көз бұлдырап, көрінбейді
ару қыздың тұлымы.
Сабырымды дауыл шайқап тұрғандай,
«Жаным»- дейді
жүрегімнің күбірі мен сыбыры!

Ақылыма ой кеселі бара жатыр бағынбай,
Кеудем күйіп күмбірлейді
Асан қайғы зарындай!
Жерұйықтан іздеп жүрген сыңарын,
Аққу құстай қанатым да қағылмай!

Тау мен тасқа соғылады сор маңдай,
Жан дүнием селге кетіп қалғандай!
Топыраққа тамшы болып сіңеді,
Кірпігімнен мөлдір мұңым тамғандай...!

*** **

Жұдырықтай жүрегім
кеудеме әрең сыйып тұр!,
Көкірегім өртеніп
жан дүнием күйіп тұр.
Күлімсіреп жымыып, жақын келдің жаныма,
Жанарыңды мен емес, күн сәулесі сүйіп тұр!

Өзегімді өртейді
жакындашы от демін,
Қысқа айналып кетпесін,
кештеу келген көктемім!
Маған да бір мүмкіндік
тудырарсың жаным-ау!,
Санамда әлі сақталар
дәл осы бір сәттерім...!

*** **

Қазақ – батыр, қазақ – ер, қазақ – алып!,
Қазақ – ақын, қазақ – ел, қазақ – халық!
Жердің жүзін мың рет айналсам да,
Таба аламаспын дәл сендей ғажап Халық!

*** **

Жанарыңа жас тамшысы қонбасын!,
Қабағыңа әжім ізін салмасын!
Саған бақыт сыйламаса япыр-ай!,
Алдымыздан ататұғын таңға сын!

Жүрегіңе жай көбелек қонбасын!,
Кірпігіңе күннің нұры орнасын!
Аққайыңдай ару қыздың бірісің,
Жапырағыңа мұнның жасы тамбасын!

Өмір өзен айдынына қонғасын,
Асау толқын саған тұсау салмасын!
Лайықсың бұл өмірде бәріне,
Бақытыңды уақыт келіп жалғасын!

*** **

Мөлтілдеп әдемі жанарың,
Жүректің көзімен қарадың!
Қайыңдай кіршіксіз тамағың,
Айырмай көзімді қарадым!

Параққа із салып қаламым,
Шарапқа мас болып барамын.
Әдемі аққуы ананың,
Көңілдің көліне ұқсайды жанарың!

Асқардан аялы ас Арман,
Мүсінің аққардан жасалған!
Еріннің табыда түспеген,
Дірілдеп кеудеңде қос алмаң.

Жырымның естіріп самалын,
Бұрымнан бір сипап қалайын!
Сөзіңмен балқытып барасың,
Көзіңнен бір сүйіп алайын!
тәтті екен...!

Қара бесік

Бала күнгі кеш құрым самал есіп,
Бар ақынды кеш бүгін қара бесік!
Бөбек ісім сіңіпті ағашыңа,
Келеміз қасиетіңе қарап өсіп!

Шабыт берген секілді жылқы маған,
Бөлейтін кеудесіне жылтып Анам.
Сені көрсем бір әсем күйге енемін,
Жөргегімнің иісін-ай бұрқыраған!

Құндағына айналған нәрестенің,
Қазақтың құт бесігі емес пе едің!?
Аналар тербетеді оң қолымен,
Бүгін тағы көзіме елестедің...!

*** **

Ойқастаған далада ақ бораным,
Көкірегіме көсеумен от қаладың!
Қанат қақсам жақсының аспанында,
Аяғына жаманның тапталамын!

Жекпе-жекке шыбынмен шығып жүрмін,
Сақарада қасқырдай ұлып жүрмін!
Жалғыз қару қаламды сілтегенде,
Құмырсқаны жонғардай қырып жүрмін!

Өмір қатал жүзі ме едің балтаның?,
Құс боп ұшып, құлан болып жортамын.
Адамдардан, табиғаттан, тастан да,
Тіпті өзімнің көлеңкемнен қорқамын!

Ұлы дала бесігім

Абылай көш бастаған алып едің,
Кенесары жолбарыс жалын едің.
Жекпе – жекте
жонғарлардың басын кескен,
Бердәулетұлы батыр Жәнібегім!

Қабанбай, Бөгембайдай арыстаның,
Жығатын құмқаптырып алысқаның!
Шақабай, Махамбет пен Исатайлар,
Жебеге жанып өткен намыстарың!

Қобыз, Сырнай, Домбыра жырларың бар,
Абай, Шоқан, Ыбырай шын дарындар!
Шәкәрім, Мағжан, Мұхтар дара тұлға,
Қажымұқан, Балуан Шолақ ұлдарың бар!

Алатау, Хантәңірдей шыңдарың бар!,
Домбыраны сөйлетуге туған ұлдар.
Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей,
Сегіз Сері, Ақан сері, Біржаның бар!

Мұқағали мұңдасқан ұлы далам,
Тарихтан белгілі сыры маған.
Бауыржандай батырды туғызған ел,
Ұрпағыңа болмашы бүгін алаң!

Жырлаған Жүмекен мен Төлегенде,
Фариза қыз ғашық болған өр өлеңге.
Әлия мен Мәншүкті туғдырған жер,
Бүгінде танылды ғой бар әлемге!

Біз жүрміз ұлы дала бесігінде,
Аққайыңды Қызылжар Есілімде.
Баһадүр бабалардың арманы боп,
Жылдар жылжып жеттік қой осы күнге!

Көк туым көзімдегі қарашығым,
Ән ұран, Ата заң ғой бар асылың.
Ұлы дала бесігі шайқалмасын,
Әлі талай жырлармын дала сырын...!

Жеңіс туы

Сұрапыл күндер,
ұйқысыз түндер соғысқан,
Бөрілерменен арпалысқандай арыстан.
Отанды сүю, даламды қорғау жолында,
Қорықпаған ерлер атыстар менен шабыстан!

Отпенен оқтан, ақ боран менен дауылдан,
Топ-тобыменен, майданға қарай ағылған.
Талғат пен Тоқтар,
Рақымжанменен Қасымың,
Мәншүк, Хиуаз, қаһарман ұлың Бауыржан!

Батырлар туған қазақта, талай мыңдаған,
Қабілеттерін соғыста қайрап шыңдаған!
Шайқасқан кезде, айқасқан жерде дұшпанын,
Тізе бүктірмей жан беріскенше тынбаған!

Ардагер ұлдар жеңістің жолын таңдаған,
Аман қалғандар ажалдан оқтан, бомбадан!
Нар қазағымның бейбіт бесігі тербеліп,
Ұлы далама тыныштық бүгін орнаған!

*** **

Тойлап жүрсем де Аллаға дұға қыламын!,
Жеткізген бізге нұрымен Құраны мәлім!
Көп жасау деген ақсақал міндет емес қой,
Бақиға барсаң ол жақтың сұрағы қалың.

Білгенге кейде бұл өмір тозақтан қиын,
Ірің боп кетер ақылын азайтқан миың!
Мылқау боп неге тумадым ымын түсінер,
Сөз біліп тұрып біреуге сөз айтқан қиын!

Бір кезде біз де қыран боп ұшып жүргенбіз,
Абылайханның кешегі түсінде жүрміз.
Ауылдан келіп қалаға бүлініп кеттік,
Бүлініп кеткен көшенің ішінде жүрміз.

*** **

Ананы туғызған киелі даламыз,
Домалақ анамен Айшабибі анамыз.
Айғаным, Зере мен Ұлжан мен Ұлпаннан,
Аналар жолынан біз үлгі аламыз!

Томирис патшайым жүректе отың бар!,
Әлия, Мәншүк пен Хиуаз батырлар.
Фариза, Марфуға, Мариям ақындар,
Жырларын жас ұрпақ оқындар!

Қазақтың қыздары көтерген нар күшін,
Жас ұрпақ тілекпен жеткізер алғысын!
Азат күн өткенге көз тіктім,
Қазақтың қыздары бармысың...!?

Мағжанның соңғы сөзі

Ақын жүрек өксіп жатыр құсалы,
Аққайында естілмейді құс әні.
Асқарымда қыран қанат қаға алмай,
Аспанымда неге қарға ұшады!?

Кеңесіңнің кесір желі соғады,
Желмен бірге қазақ босып барады!
Рухымды талап жатыр күшіктер,
Торда отырмын жан дүнием жаралы!

Ақынмын ғой мен өлмесем арман көп,
Енді менде күш қайрат та қалған жоқ.
Қазақ күнің,
ғажап күнің, азаттығың келсе егер,
мен жолында құрбан болсам арман жоқ...!

*** **

Сүбелі ой, сүмбіле жыр қондыра алмай,
Қырандарға қияда тор құрар-дай!
Аққайың жапырағын сарғайтқан күз,
Суық самал еседі тоңдырардай!

Тас көше, тас қабырға ызғарланған,
Сұлу өлең жазылмай қызға арналған.
Мұңдас қала сенің де келбетіңнен,
Сары сәуле жүректе ызғар қалған!

*** **

Қоспады өмір өлердей сан ғашықты!,
Жүрек қыран ашығып аңға шықты.
Махаббаттың жап- жасып шымылдығы,
Түрілгенмен қуарып шаң басыпты.

Гүлге ызғар қараңғы түнде асықты,
Құлпырғанмен сарғайып құм басыпты.
Өрт махаббат ашылмас тұманың бар,
Адастырдың өртедің шын ғашықты...!

Елім – айдан жеткен мұң

Бұл заман болды елге қиын заман,
Шіріткен тамам елдің миын заман.
Шұбырғанда ізіннен шаң борайды,
Қағынды қазақ үшін биыл заман.

Қожаберген жырау

Жусансыз күрең бел, сүреңсіз мол құм,
Сөйлетіп көрейін даланың жанарын.
Шұбырған ақтабан жылдардың үнінде,
Күбірлеп үн қатар үздіккен қаламым.

Жаспенен ұрғылап ғасырдың қамалын,
Жасперен қанатып балтырын, балағын.
«Алқакөл сұлама» сұрапыл қырғында,
Шөгірді таптаған тілінген табаным.

Дауылын тұрғызды меңіреу даланың,
Тастарды үгіткен екпіні даланың.
Бураны боздатқан мұнаркүн астында,
Тайлақтай тентіреп бос кетіп барамын,

Маңдайға тигізбей мамық кеш самалын.
Таңдайға тамшы жас ерітіп аламын.
Көбікті лайлап толқындар жар сүзіп,
Шайқаған Алаштың тұп-тұнық заманын.

Қобыздың үнімен рухым егілді,
Қазақтың көзінен қайғы жас төгілді.
Бірліктің тұғырын, талқандап тасқындар,
Асусыз қыратты сел жүріп кемірді.

Қураған қалпында бәйтерек түбірі,
Шулаған орманның, құлақта күбірі.
Жүгенсіз, жүйріксіз жабағы мінгендей,
Ерлерді теңселтіп тебіңгі шіріді.

Қаңбақтай бағытсыз сайларды сағалап,
Қазықта тыпыршып байлаулы қазан ат.
Иесіз кісінеп қазығын тарландар тарпыды,
Найзаға сүйенген батырды мазалап.

Белдеулер кесіліп, кереге сынғандай,
Өрт шалған туырлық тұл болып тұрғандай.
Уықтар шықырлап, босаға сықырлап,
Азалы дауыстар жартаста тұнғандай.

Жұртымыз жұртынан түн қатып босыған,
Шұбырып барады бақ ұшып басынан!
Танымай қалғанда Алашым бағытын,
«Елім-ай»- деген бір естілді асыл ӘН.

Ел есін жиғанда арнаға сыйғанда,
Түндегі ай,
Күндіз күн шуағын құйғанда.
Алашым көтерді ақ туын аспанға,
Ел есін «Елім-ай» жырымен жыйғанда.

Бірліктің бесігін, татулық тұғырын,
Шайқамай Алашым тік қадап уығын.
Шалмалап асауды, кигізіп құрығын,
Аққудай желбіреп шығарды бір үнін.

Жау түгіл дауыл да екпіннен ығады,
Өтті ақыр осылай уақыт сынағы.
Түйелі көшіміз бағытын түзеді,
Дүбірге ұласты батырлар ұраны:
«Елім-ай!»

Жорықтың ізі бар

Жүз жиырма төрт мың пайғамбар мен
Отыз үш мың сахабада дүниеден өткен.
Солардан Қожаберген артық емес.

Қожаберген жырау

Сақтарда сақталған Ғұндардың жалғасы,
Күнге де қақталған Ай жүзді алмасы.
Топырақ қабірлі қобызбен үндескен,
Жетті қат жер үсті – Алаштың ордасы.

Семсермен ойылған тастағы таңбасы,
Құрғаған заманда ғасырдың көз жасы.
Жылдармен жарысқан тарих шындығы,
Домбыра үніндей күйлетіп толғашы!

.....

Ақ тудың астында
Ұлы ұран шалқыған,
Рухты жалынға болат та балқыған.
Қаратас үгіткен, көк мұзды жібіткен,
Жолбарыс күштерін жорықта сарқыған.

«Алла»- деп ат мінген Абылай жорығы,
Айлалы дұшпанды әулие таныды.
Абыздай ақылды, қарт жырау батыл-ды,
Шайқаста жорықтың жеңісін жорыды.

Таң қылаң бергенше қаңтарған тарланын,
Томаға білдірмес қыранның тонғанын.
Бес қару асынып, дұшпанын қашырып,
Қанмен суарған майырылмас қанжарын.

Жасындай жарқылдап азуы шықырлап,
Қабакқа түн түнеп сауыты сықырлап.
Жебесі жел жыртып найзамен түйреген,
Жауының сүйегі күл болып,
Сыныпты бытырлап.

Тұяқты тұлпардың шаң ойнап астында,
Көк жалдың тұқымы айналып қасқырға.
Мекенін таптатпай, апанын қорғады,
Пана боп дауылда, бөгет боп тасқынға.

Күн күлмей ел үшін ұйқысыз түн қатқан,
Жас тұнған жанарын желменен құрғатқан.
Толыбай сыншының сынығы екенсің,
«Елім-ай» жырымен тарихым үн қатқан.

Қызылжар қыраны,
Алаштың ұраны,
Ғұлама жыраудың әулие шырағы.
«Бүркіт қонғанда»,
Нулы орман ішінде,
Жыраудың, батырдың мәңгілік тұрағы!

Таулардан биіксің,
Аспандай асқақсың,
Жорықта жүйрікпен қолыңды бастапсың.
Жазық бұл далада құрсақта жаралған,
Тұлғаның тұлғасы екенсің асқақ шың!

Кесірітке қылғанмен біздерді кеңесім,
Рухпен жинады бүгінде ел есін.
Жорықтың ізі бар бұл жұмақ мекенде,
Алаштың ұрпағын рухың жебесін!

Арбасары
(поэма)

Жылдар жылжып керуен көш жалғасады,
Уақыт жүйрік жүйріктер алмасады!
Жана айды тудырып түн анамыз,
Күн күлімдеп асығыс тауды асады.

Әкем менің көшуге қам жасады,
Анам менің атанға шом жасады.
Қолу ағам шөгеріп қара атанды,
Бекең ағам жүк тасып қолдасады.

Қыстаудағы бекіттік әр қашаны,
Жайлауға әкетпейміз сар масаны.
Қозы-лаққа көгенсіз пана болар,
Түйеге теңдемейміз торқашаны.

Секу ағам жалына жармасады,
Шалма арқансыз тұратын қолға сары.
Бір қорадан жүз жылқы өркізуші ек!,
(Нұрлан ағам мінетін арбасары.)

Секу ағам жеккенде атарбаны,
Құйысқаны құйырыққа маталмады.
«Соңғы түйе жүгі ауыр» - деген қазақ,
Деп әкеміз мырс етіп мақалдады.

Аттың аты тартатын атарбаны,
Жегіп көрген жоқ едік атанға әлі.
Жүк тиеген арбаның үстіне кеп,
Бір туғандар жайғасты қатар бәрі.

.....
.....
Әкеміз ат мінгізді, «койдан қалма»,
Қарыныңыз ашпайды айран барда.
Ай мүйізді серкелер қой бастайды,
Жайлауға жетеуші ек көз байланғанда.

Жолазықты дайындайды жаным анам,
Жан емеспіз ешқашан жарымаған!
Қыстан қалған сүрісін қапқа салып,
Құрт беретін қалта толы менің анам.

Жылқышының кенжесі едім торы ат міндім,
Жылқы сырын әкем айтқан санап тұрмын.
Арбасары көш бастап желіп барады,
Құлақшынды қисайтып қарап тұрмын.

Қыстың да елемейді дауылында,
Қамшы ойнайды сарының бауырында.
Ағылып ақпаракқа жыр төгейін,
Тағылық болмайды ма тау ұлында!

Сен кеттің көшпен бірге қыратты асқан,
Ізінді сенен кейін Сұрат басқан.
Киіз үйді жайлауға жеткізуші ең,
Біздің үйдің біреуін жылатпастан!

Әкеміздің сақтаулы тұр шалмасы әлі,
Көз алдымда сары аттың арбасы әлі.
Арба деген қазаққа үйреншікті,
Қарғаменен құзғын да жер басады!

Көше берер уақытпен көшкен елім,
Дей алмаймын сары атты мәстек едің.
Талай тұлпар арбаға жегіліп жүр,
Ескі үйде шырқалған ескі өлеңім!

Әлі туар өзіндей арбасары,
Дәрімен құрыт алмаспыз сары масаны.
Өмірдің көшіменен аман болсақ,
Болашаққа сапарымыз жалғасады!

Жылқы тектес қазақпыз елендеген,
Жырымды ағытайын көгендеген.
Қанжығама кереқаптың исі сіңген,
Шабыт келсе шабыспен дәлелдегем!

Көп шығар жүйрік сары, жорға сары,
Қарасам күн де сары, ай да сары.
Өгіздей күшің менің әлі есімде,
Өзіндей ат көргем жоқ арбасары!

Ескерусіз тұлпарым кетпекпісің,
Менің мынау жырымнан көп те естісін.
Өрен дерем өзінді Арбасары,
Өлеңменен қойайын ескеріткішін...!

Аманжол Зағыпарұлы 1985 жылы 23-желтоқсанда Монғолия мемлекетінің Баян-Өлгий аймағының Алтын-цөгцө ауылында дүниеге келді. 1993 жылы мектеп табалдырығын аттайды. 2003 жылы мектепті бітіргеннен кейін, атажұрты Қазақстанға оралып, СҚМУ-дың жанындағы даярлық тобында оқиды. 2008 жылы Мағжан Жұмабаев атындағы Петропавл қалалық гуманитарлық колледжді үздік дипломмен бітіріп, сол колледжде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазы болып 5 жылдай қызмет атқарып, қазіргі уақытта Ерік Асқаров атындағы облыстық ақындар мектебінің жазба ақындық бағыты бойынша жетекшісі қызметін атқаруда.

Жетістіктері:

2005 жылы Ақмола облысы ақын, жазушы, драматургтарының шығармалары бойынша көркемсөз оқу шеберлерінің 1 облыстық байқауында әуесқойлар арасында 2 жүлделі орынға ие болған...

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі болған Т.А. Мансұров жариялаған «Президент Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы – Қазақстан гүлдену жолында» (2006) атты рефераттар байқауының I дәрежелі сыйақысының иегері.

Наурыз мейрамы қарсаңында өткізілген облыстық ақындар айтысында I орын (2007), облыстық білім беру департаментінің ұйымдастыруымен А.Құнанбаевтың 160 жылдығына арналып өткізілген «Абай оқуында» бас жүлдені жеңіп алды.

Солтүстік Қазақстан облысы Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы өткізген М. Жұмабаев оқуларының «Мен жастарға сенемін» аталымы бойынша I орынды, Республиканың Тәуелсіздік күніне арналған қалалық II

мүшәйрада I орын қанжығасына байлады.

Алматы қаласында Қазақстан ұлттық телеарнасында жексенбі сайын өткізіліп тұратын «Аламан айтысқа» қатысып, облысымыздың намысын қорғап, абыроймен оралды.

Солтүстік Қазақстан облысының Білім департаментінің ұйымдастыруымен Мағжан Жұмабаевтың 115 жылдығына арналған облыстық әдеби оқулардында «Жүрегім жырмен тербелген» аталымы бойынша I орынды жеңіп алды (2008).

2008 жылғы М. Мақатаев атындағы II Республикалық ақындар байқауының дипломымен марапатталса, 2009 жылы осы байқауда II орынды жеңіп алды.

«Менің Қазақстаным, менің жерім» атты республикалық жас шығармашыл жастардың байқауында III орын иегері.

Облыстық Нұр-Отан бөлімшесінің ұйымдастыруымен өткен «Мен жемқорлыққа қарсымын» атты облыстық жас ақындар мүшәйрасының Бас жүлде иегері.

Облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Абай мен Пушкин» атындағы облыстық ақындар мүшәйрасының жеңімпазы.

Киелі Сырдың бойы Қызылордада Нұр-Отанның он жылдығына арналған республикалық ақындар айтысына белсенді қатысып, дипломмен марапатталды.

Көкшетау қаласының 185 жылдығы, Ақмола облысының 85 жылдығына арналған республикалық ақындар айтысына белсенді қатысып, дипломмен марапатталды.

2010 жылы Академик, жазушы С.Мұқановтың туғанына 110 жыл толуына орай өткізілген облыстық мү-

шайрада II орынды иеленді.

2010 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне жоғары біліктілігі үшін Алғыс хатпен марапатталды (Петропавл қаласының әкімі Н.Әшімбетов)

2010 жылы Астана қаласында өткен Халықаралық «Шабыт» фестивалінде дипломант атанса, 2011 жылы Шымкент қаласында өткен республикалық «Шешендік өнер» байқауында жүлделі III орынды иеленді.

2012 жылы Шымкент қаласында өткен «Кәнеки, тілім сөйлеші» республикалық байқауда III орынды қанжығасына байлады.

2012 жылы Көркемсөз оқу шеберлерінің Оралхан Бөкей атындағы қалалық байқаудың I орын иегері.

2012 жылы Петропавл қалалық ақындар айтысының I орын иегері.

«2012 жылдың Патриоты» номинациясында мемлекеттік тілді дамытуға және насихаттауға қосқан үлесі үшін жас ақындар клубының жетекшісі ретінде СҚО әкімі С.Біләловтың дипломымен және облыс әкімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

2013 жылы Мағжан Жұмабаевтың 120 жылдығына арналған «Мағжан көктемі» 2 республикалық өнер фестивалі Мағжанға арналған жазба ақындар мүшайрасының көтермелеу жүлдесі.

2015 жыл Петропавл қалалық білім беру жүйесіндегі шығармашылық еңбегі үшін Құрмет грамотасы.

2019 жылы Республикалық «Әбіш әлемі» шығармашылық конкурсында «Әбіш Кекілбаев – айшықты ақын» номинациясының иегері (Нұр-сұлтан қ.,)

2019 жылы «Ауыл» Халықтық-демократиялық парти-

ясы мен «Әдебиет» порталы ұйымдастырған қаламгерлер арасындағы дәстүрлі халықаралық «Ауылым-алтын тұғырым» әдеби байқауында поэзия жанры бойынша Төлеген Айбергенов атындағы арнайы жүлде жеңіп алды (Нұр-сұлтан қ.,).

2019 жылдың 14 тамыз күні Лисаков қаласында «Сәлем, әсем қала Лисаков!» атты Республикалық ақындар айтысында «Салмақты ой» номинациясының иегері (Қостанай қ.,)

2019 жылы «Қайсар.kz» қоғамдық бірлестігінің «Рух жаңғырығы» атты аймақаралық ақындар мүшәйрасының 1 дәрежелі дипломы (Павлодар қ.,)

2021 жылы Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, қаламгер, ардагер ұстаз Зекебай Солтанбаевтың 90 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Азат елдің абызы» атты аймақаралық жыр мүшәйрасының 1-орын иегері атанды (Павлодар қ.,).

Өлеңдері «Қызырлы Қызылжар», «Дауылпаз баба Қожаберген жырау», «Үкілі үміт» жинақтарында, «Сөз Маржаны» он томдық антологиясында, «Көкшетау жас ақындары» антологиясында, облыстық, республикалық басылымдарда жарық көрді.

Мазмұны

Қарға ізіндегі қалам жыр	4
Тағдырымның тамшылары.....	6
Жас сәттерім қоштасуда ерте күн.....	7
Қалам ұшы қағазға шер төгеді.....	8
Аналарды сағынайық!	8
Ай қонақтап маңдайға	9
Көңіл	10
Тұғырда қыран	11
О, Қызылжар!	13
Қайың	14
Сәттер-ай!	15
Кездесу	16
Тілім қайда...?	18
Астанасы алаштың.....	19
Желді Желтоқсандағы отты жүректер!	20
Қызыл от	23
Өлеңмен жазылған дұға (Мағжан рухына тағзым).....	24
Мазасыз түндер (бірінші түн!).....	27
Екінші түн.....	29
Үшінші түн	31
Төртінші түн	33
Түн-Ана.....	35
Қылыш-тіл...!	38
Кешкі ой	41
Ішкі сыр.....	42
Ой елес	44
...Ақынға!!! (қаламның монолога).....	45
Нөсер	47
А....ге	48
Елімнің есіл ерлері-ай!(Желтоқсан боздақтарына)	49
Сары батыр рухына тағзым (толғау)	51
Бастады ма пәнидің дүрбелеңі?	56


Аманжол Зағыпарұлы

Буырканып асау толқығн жарды ұрды.....	56
«Шірігені секілді балық бастан!».....	57
Қазіргі махаббат көбелек.....	58
Абай рухына	59
Шыңғыстау	60
Бейуак	61
Жанарға жанар шағылысқанда дір еткен.....	61
Жаркын бауырыма	62
Ақ арман.....	64
Махаббат	65
Жүрегімнің ешкім де аша алмайды қақпасын	67
Құйынның илеуінде қаңбақ өмір.....	68
Уақыт пен жарысып келем мен	69
Ешкіммен суыспадым, ұрыспадым.....	70
Уақыт	71
Мен сені ...!	72
Сол түні.....	73
Жырыңды оқып жанардан жас тайғанаған.....	75
Мағжанның «Мен кіммін?»өлеңіне жауап	76
Ыстық демің шарпиды бетті өбіп.....	77
Ару мұңы	78
Мөлдір, тұнық тамшысындай жаңбырдың.....	79
О, Махаббат, мен де сенің құлынмын!.....	80
Ұстаздан алған сабағым	81
Қара жерге қадалып байқалды із бар	82
Сағындым, Ана!	83
«Махамбетке»	84
Аллаға тағзым	84
Амангелді Рамазановқа (50-ге келген тойына арналған жыр)..	86
Мен әкемін!(Бейбарысым туғанда)	88
Кім еді бұл адамдар? Кеше	90
Бүгін	90
Сен кімсің?!	91
Әке	92

Тағдырымның тамшылары	
Дұғалы өлең(Ғабенә)	93
Әр жерден сағым жылтылдап ойнап түргіп еді	95
Ширатып жылды	96
Өлең	97
Кірпік	97
Ақын рухына	98
Тайғанақ өмір	100
Ғабенә бейнесі.....!... іздеймін	100
Асқар тұлға бар қаламда сенің	101
Есімі бұйырмаған бесігім	102
Қазақ	103
Сағынышым сен ғана!	104
Махаббат	105
Көңіл жүдеу жүрегім тыншымады	105
Ақын аға рухына (Мұқағали)	106
Қара қыз	108
Ақ қайыңды тербеткендей	110
Жұдырықтай жүрегім, кеудеме әрең сыйып тұр!	110
Қазақ-батыр, қазақ-ер, қазақ-алып!	111
Жанарыңа жас тамшысы қонбасын!	111
Мөлтідеп әдемі жанарың	112
Қара бесік	113
Ойқастаған далада ақ бораным	113
Өмір қатал жүзі ме едің балтаның?	114
Ұлы дала бесігім	114
Жеңіс туы	115
Ананы туғызған киелі даламыз	117
Мағжанның соңғы сөзі	117
Сүбелі ой, сүмбіле жыр қондыра алмай	118
Елім-айдан жеткен мұң	119
Жорықтың ізі бар	121
Арбассары (поэма)	124
Өмірбаян	127

Аманжол Зағыпарұлы

Редакторы: **Жарқын Жұпархан**
Корректор: **Бекиш Гүлнұр Боранбайқызы**
Дизайнері: **Глебова Марина**
Компьютерде беттеген: **Мамельбаева Махфуза**



Амгытэ Зэжэжэ

